Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, мифологиялық сана шындықты бағалаудың негізі ретінде ғаламның мифтік бейнесінде көрінеді деген қорытынды жасауға болады. Ғаламның мифтік моделі – өзара байланысты бинарлық жұптармен берілетін биполярлық формация. Миф – адамның өз ойынан шығарған өтірігі емес, белгілі бір халықтың ғалам мен адамзат жайлы шындығы. Ол – адамзаттың ғасырлар бойғы тәжірибесіне негізделген ақиқаты. Бұл туралы белгілі мифолог С. Қондыбай «Миф, әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, қисыны бар яғни «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние», – дейді [23, 11].

Мифтік танымдағы ізгілік пен зұлымдықтың күресі ертегілерде батырдың жеті басты айдаһармен шайқасы түрінде көрінетін тұрақты сюжет бар. Айдаһар – бір бойына ғаламның зұлымдығын жинаған жаратылыс. Оған қарсы тұра алатын айрықша туған батырдың батыры ғана. Күллі елге үрей туғызған, адам баласын өзінің азығы еткен бұл зұлым күшті жеңудің өз мәні бар. Бұл туралы зерттеушілер сөзіне жүгінсек, былай дейді:

«Masallar, efsaneler, eski destanlar ve diğer halk anlatılarında yedi başlı ejderha ile mücadele etme ve onu yenmenin kahramana has bir yiğitlik olarak tasvir edilmesi basit bir anlatma unsuru değil, burada zulme, kötülüğe karşı iyiliğin ortaya çıkması ve zafere ulaşmasında büyük bir sır ve derin bir anlam vardır. Ejderhanın kötü niyetli olması üzerinden zalimliği tasviri en ince ayrıntılarıyla anlatılır. Ejderhanın bu tasviri kendine karşı gelen kahramanın yiğitliğini, zekâsını ve aklını, büyük bir güç sahibi olduğunu göstermekle ustaca ilişkilendirilmiştir. Kahramanın esas maksadı huzur içinde yaşayan halkın huzurunu kaçıran, huzurunu bozan ejderha gibi kötü niyetli bir düşmandan kurtarmaktır» («Ертегілер мен аңыздарда, көне эпостарда, дастандарда жеті басты айдаһармен шайқасу, оны жеңу – қас батырға тән ерлік болып суреттелуі жай нәрсе емес. Мұнда зұлымдыққа қарсы ізгіліктің, жамандыққа қарсы жақсылықтың майданға шығып, жеңіске жетуінде үлкен сыр, терең мағына бар. Айдаһардың қара ниетті болмысы арқылы зұлымдықтың сипатын жан-жақты танытылады. Айдаһардың дәл осы сипатын өзіне қарсы келген батырдың ерлігі мен аялысын, ақылын, ерен күш иесі екенін көрсетуде шебер байланыстырған. Батырдың негізгі мақсаты – бейбіт елді айдаһар сияқты зұлым ниетті жаудан құтқару») [24, 203].

Қорытынды. Бинарлық оппозиция – ғаламды рационалды анықтаудың әмбебап құралы, онда бір мезгілде қарама-қарсы екі ұғым қарастырылады, олардың бірі белгілі бір сапаны бекітсе, екіншісі оны жоққа шығарады. Бинарлық оппозицияны түсіну әртүрлі саладағы түрлі құбылыстар мен процестерді талдау үшін пайдалы құрал бола алады. Сонымен қатар бинарлық оппозицияға негізделген әртүрлі мәдени, әлеуметтік және философиялық тұжырымдамаларды да жақсы түсінуге көмектеседі. Бинарлық оппозиция барлық салада қолданылады. Мысалы, ежелгі мифте де, қазіргі өмірімізде де жақсылық пен зұлымдық, қараңғылық пен жарық т.б қарама-қайшылықтар жиі қолданылады. Бұл қарама-қайшылықтар мәдениетте бар негізгі қарама-қайшылықтарды көрсетеді. Олар адамдарға қоршаған әлемді түсінуге және жіктеуге көмектеседі. Бинарлық оппозиция әдебиеттануда миф құрылымындағы қарама-қайшылықтың әрекет ету түрін сипаттап, тартыстың мәнін танытады. Тартыстың тетігінде тұрған қарама-қарсы мәндегі ұғымдар, құбылыстар дерлік антропоморфты сипатта көрінеді. Осы негізде танылатын тартыстың екі нүктесіндегі әрекет иелері – актанттық қызмет айқындалады. Біз жоғарыда жіктеп көрсеткен жұптық ұғымдар мен олардың актантқа айналуы мифологияда тұрақты мотивке айналып, кейінгі дәуірдегі көркемдік ойлаудың қайнап көзіне айналды.

Әдебиеттер

1. Верстин И.С. Первобытное мышление и концепция бинарных оппозиций А.М. Золотарева //Вестник РЭУ, №6, 2013. С. 58-59.
2. Золотарев А.М. Родовой строй и первобытная мифология. – Москва: Наука, 1964. – 292 с.

3. Раздьяконова Е.В. Онтологическая функция мифа: миф как бытийная связь между «мифосом» и «логосом» //Известия Томского политехнического университета, № 6, 2010. С. 155.
4. Лотман Ю.М. Избранные статьи. – Таллин: Александра, 1992. – 38-52 с.
5. Руднев В.П. Словарь культуры XX века. – Москва: Аграф, 1997. – 230 с.
6. Маслова С.В. Мифоразрушительная и мифосозидательная тенденции в современной культуре: автореферат ... канд. филос. наук. Томск: Изд-во ТУСУР, 2007. – С. 20.
7. Леви-Стросс К. Структурная антропология. – Москва: Наука, 1995. – 399 с.
8. Леви-Брюль Л. Первобытное мышление. – Санкт-Петербург: «Академический проект», 2022. – 430 с.
9. Леви-Стросс К. Миф, ритуал и генетика //Природа. № 1, 1978. С. 90-103.
10. Нүрекешова Г.Р. Ағылшын-қазақ-қытай шығармаларындағы мифологиялық бейнелердің ұлттық сипаты //Ясауи университетінің Хабаршысы ғылыми журналы. №3 (113), 2019. Б. 62-70.
11. Соссюр Ф.де. Курс общей лингвистики. – Москва: Логос, 1998. – 296 с.
12. Anita Putri & Paulus Sarwoto. Saussurian Binary Opposition as the Narrative Structure of Williams' Summer and Smoke //Journal of Language and Literature. № 16 (01), 2016. P. 82-98.
13. Дүнгенбай Ә.Н., Отарбекова Ж.К., Каймаз З. Аманат пен қиянат концептілері оппозиция ретінде. <https://cyberleninka.ru/article/n/amanat-pen-iyanat-kontseptilepi-oppozitsiya-petinde>.
14. Итеғұлова С. Қазақтың мифтік кейіпкерлері. Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. – Астана, 2016. – 276 б.
15. Аймұхамбет Ж.Ә., Айтуғанова С.Ш., Байтанасова Қ.М., Қасен А.Т., Сейпутанова А.К. Көркем мәтіннің актанттық құрылымы //«Керуен» ғылыми журналы. №4, 77-том, 2022. Б. 75-87.
16. Юнг К. Структура психики и архетипы. – Москва: «Академический проект», 2015. – 328 с.
17. Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы 1-том. – Алматы: «Толағай групп», 2012. – 496 б.
18. Аймұхамбет Ж. Түркі мифологиясы: типологиялық сипаты, ортақ мотивтер және кейіпкерлер. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/446963>.
19. Чуликов Ю.М. Русское и британское культурные пространства в аспекте межкультурного взаимодействия: автореф. дис. канд. филол. наук. – Нальчик, 2011. – 20 с.
20. Қапалбек Б. Пери. <https://adebiportal.kz/kz/characters/view/162>.
21. <https://islam.muftyat.kz/kk/senim-negizderi/ulken-perishtelerdin-esimderi-men-mindetteri>.
22. Мулляр Л. А. Диалектика концепта «успех-упадок» в сказочном измерении //Вестник Челябинского государственного университета. № 16, 2007. С. 50-58.
23. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: Brand Book, 2008. – 320 б.
24. Aimukhambet Zh., Kassen A., Kurmambayeva K. Kazak folklorunda yedi başlı ejderha //Millî Folklor, 2022. Yıl 34, Cilt 17, Sayı 136 // DOI10.58242/millifolklor.973667

А.Д. АБИЛДАЕВА, Ж.А. АЙМУХАМБЕТ, А.А МИРЗАХМЕТОВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

БИННАРНАЯ ОППОЗИЦИЯ И АКТАНТНАЯ СТРУКТУРА В МИФОЛОГИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ

Аннотация. В данной статье будут представлены научные определения и утверждения касательнобинарныхоппозицийвмифологическихифольклорныхтекстах, атакжерассмотрены важные выводы в перечисленных работах. Укажется то, что бинарная оппозиция используется как универсальный инструмент для определения истины в науке. Будут проанализированы основные проявления архетипического мышления, присутствующие в текстах мифов. Помимо этого, систематизируются устойчивые бинарные оппозиции, формирующие мифический образ мироздания, и проведен семантический анализ их значения в структуре текста. Опишется и роль бинарных оппозиций в мифологии, визнекшей из мифического мышления, которые используются и по сей день. Статья затронет и значение бинарных оппозиций для выражения национального мировоззрения и прояснения фигуры Вселенной через призму культурного

знания. Будет обсуждена высокая степень актуальности восприятия Вселенной через бинарную оппозицию для современного человечества, имеющего схожую структуру сознания. Заявление о том, что бинарная оппозиция является общим инструментом распознавания истины, спороводится доказательными примерами. Статья также уделит внимание значению единства конфликтующих сил и смыслов в природе.

В статье, основываясь на теоретических работах, будет представлен всесторонний анализ того, что мифы исполняют функцию понимания и восприятия мира, преодолевая противоречия во Вселенной. Проанализируется и свойство мифов, что испокон веков служили людям ориентиром к познанию мира, тайной окружающей среды и сохранению внутреннего равновесия, к обретению особого места в сознании человечества, становясь основой творческих работ. Статья продемонстрирует как бинарная система в литературоведении выявляет способ действия противоречия в текстах мифов и устанавливает возникающую на его основе актантную деятельность.

Ключевые слова: миф, бинарная оппозиция, мифологическое сознание, противоречие, актантная структура, мифическое сознание, природа.

A.D. ABILDAYEVA, ZH.A. AIMUKHAMBET, A.A. MIRZAKHMETOV
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

BINARY OPPOSITION AND ACTANT STRUCTURE IN MYTHOLOGICAL TEXTS

Annotation. This article introduces the scientific definitions and statements regarding the binary oppositions in mythological and folk texts with important conclusions being overviewed. It will be noted that binary opposition is used as a universal tool for determining the truth in science. The main depictions of archetypal thinking noticeable in myth texts will be analyzed. Persistent binary oppositions that shape a mythic image of a universe will be systemized, and semantic analysis of their significance in the text structure will be conducted. The role of binary oppositions in mythology, which emerged from mythic thinking while still being opportune, will be described, addressing its value in an expression of national worldview and a clarification of the universe's figure in cultural knowledge. The article will discuss a high degree of relevance of perception of the universe through a binary opposition for humanity today, who has a similar structure of mind. The fact that binary opposition is a general instrument for the recognition of truth will be supported by numerous pieces of evidence. Attention will be paid to the value of unity of conflicting powers and meanings in nature.

The article will suggest a comprehensive analysis, based on the theoretical works, of the way myths hold a main function of understanding the world by overcoming the contradictions in the universe. Myth served as a guidance for people in ancient times to discover the world, a secret of an environment, and to save an inner balance. Therefore, myth's tendency to occupy a special place in the mind of humanity and become a fundamental root for the artworks will be examined. The Article demonstrates how the binary system in literary studies reveals the contradiction's method of operation in myth texts, and it establishes the actant (active) activity that emerges from it.

Keywords: myth, binary opposition, mythological mind, contradiction, actant (active) structure, mythical mind, nature.

References

1. Verstin I.S. Pervobytnoe myshlenie i konsepsia binarnykh oppozitsii A.M. Zolotareva //Vestnik REU, №6, 2013, S. 58-59.
2. Zolotarev A.M. Rodovoi stroi i pervobytnaia mifologia. – Moskva., 1964. – 292 s.
3. Razdakovna E.V. Ontologicheskaiia fúnksia mifa: mif kak bytynnaia sváz mejdý “mifosom” i “logosom” // Izvestia Tomsk Polytechnic University, №6, 2010, S. 155.
4. Lotman Iý.M. Izbrannye statii. – Tallinn: Alexandra, 1992. – 38-52 s.
5. Rýdnev V.P. Slovar kúltúry XX veka. – Moscow: Agraf, 1997. – 230 s.

6. Maslova S.V. Miforazrýshitelnaia i mifosozidatelnaia tendensi v sovremennoi kulture: avtoreferat ... kand. filos. nauk. Tomsk: izd-Vo TUSUR, 2007, S. 20.
7. Levi-Stross K. Strukturnaia antropologia. – Moscow: Nauka, 1995. – 399 s.
8. Levi-Brúil L. Pervobytnoe myshlenie. – Sankt-Peterburg: “Academic project”, 2022. – 430 s.
9. Levi-Stross K. Mif, ritual i genetika. Priroda. №1, 1978. S. 90-103.
10. Nürekeşova G.R. Aғылсын-қазақ-қытай шығармаларындағы мифологиялық беinelердің ұлттық сипаты // Ысауи университетінің Хабаршысы ғылыми журналы, №3 (113), 2019, B. 62-70.
11. Sossúr F. de. Kýrs obshei lingvisiki. – Moscow: Logos, 1998. – 296 s.
12. Anita Putri & Paulus Sarwoto. Saussurian. Binary Opposition as the Narrative Structure of Williams’ Summer and Smoke. //Journal of Language and Literature, № 16 (01), 2016, pp. 82-98.
13. Dúngenbai E.N., Otabekova J.K., Kaimaz Z. Amanat pen qianat konseptilepi opozisia petinde. .
14. Iteǵúlova S. Qazaqtyñ miftik keipkerleri. Ş. Şaiahmetov atyndaǵy Tilderdi damytudyñ respublikalyq úilestru-ádistemelik ortalyǵy. – Astana, 2016. – 276 b.
15. Aimúhambet J.Ä., Aituǵanova S.Ş., Baitanasova Q.M., Qasen A.T., Ceiputanova A.K. Kórkem máttınnıñ aktanttyq qúrylymy //«Keruen» ǵylymi jurnalı, №4, 77-tom, 2022, B. 75-87.
16. Iýng K. Strýktyra psihiki i arhetipy. – Moscow.: Academic project, 2015. – 328 s.
17. Uálihanov Ş. Köptomdyq шығармалар jınaǵy 1-tom. – Almaty: «Tolaǵai grupp», 2012. – 496 b.
18. Aimúhambet J. Türkı mifologiasy: tipologialyq sipaty, ortaқ motifter jáne keipkerler. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/446963>.
19. Chýlikov Iý.M. Rýsskoe i britanskoe kúltýrnye prostranstva v aspekte mejkúltýrnogo vzaimodeistvia: avtoref. dis. kand. filol. naýk. Nalchik, 2011, 20 s.
20. Qapalbek B. Peri. <https://adebiportal.kz/kz/characters/view/162>
21. <https://islam.muftyat.kz/kk/senim-negizderi/ulken-perishtelerdin-esimderi-men-mindetteri>
22. Mullar J.I.A. Dialektika konseptı “uspeh – upadok” v skazochnom izmerenii // Bulletin of the Chelyabinsk State University, №16, 2007, S. 50-58.
23. Qondybai S. Arǵy qazaq mifologiasy. – Almaty: Brand Book, 2008. – 320 b.
24. Aimukhambet Zh., Kassen A., Kurmambayeva K. Kazak folklorunda yedi başlı ejderha //Milli Folklor, 2022. Yıl 34, Cilt 17, Sayı 136 // DOI10.58242/millifolklor.973667

Авторлар туралы мәлімет:

Абилдаева Айгуль Джылкабаевна – Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Абилдаева Айгуль Джылкабаевна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Abildayeva Aigul Dzhilkabayevna – Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Aimukhambet Zhanat Askerbekkyzy – Doctor of Philology, Professor of the L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Мирзахметов Алмаз Амирбекович – философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Мирзахметов Алмаз Амирбекович – доктор философии (PhD), преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Mirzakhmetov Almaz Amirbekovich – Doctor of Philosophy (PhD), Lecturer L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*А.Е. АЛИМБАЕВ¹



Б.М. ОСЕРОВ²



А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан¹
«Астана Дарыны», Астана, Қазақстан²
(e-mail: aslan_alimbaev@mail.ru¹, b.m.91@bk.ru²)

*ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ЖӘНЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ІЗГІЛІКТІҢ ЖЫРЛАНУЫ

Аңдатпа. Мақалада Көне түркі жазба әдебиетінің ірі өкілі Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың мазмұндық, идеялық байланысы қарастырылады. «Әдебиеттің басты нысаны – адам» деп академик З. Қабдолов айтқандай жаратылған заттардың бәрі жаратушының сүйікті құлы адамдар үшін қызмет етеді. Осындай сүйіспеншілікке бөленген пенде бойындағы мінді жеңу сүйіктілердің өмірлік тартысы, күресі. Демек, адам бойындағы арпалыс арқылы тіршілік жалғасады, өмір өзгереді, құбылады. Бірақ осы өзгерістер мен құбылыстардың арасында арпалыспен ғұмыр кешіп жүрген адам баласы адамгершіліктен, мейірімділіктен, ізгіліктен құр қалмау үшін өзі де жүрегіне жақсылықтың дәнін сеуіп, оған су құйып өсіріп отырғаны дұрыс. Осы аталған қасиеттер рухани мұраларда жалпыадамзаттық мәңгілік қағидалар болып орнықты. Мақалада осындай рухани мұра санатындағы «Диуани хикметтің» ізгілік мұраттарды арқау етуі және бұл идеяның Абай шығармаларында жалғасын табуы зерделенеді. Абайдың «Толық адам» концепциясы адамның ізгі қасиеттерімен байланысты екені мәтіндік салыстырулар, талдаулар арқылы дәйектеледі. Ясауидің «Хикметі мен Абай мұрасы ізгілік мұраттарды үлгі етуімен құнды екені ғылыми еңбектердегі тұжырымдарға ілеме жасай отырып негізделеді.

Түйін сөздер: Ясауи, Абай, ізгілік, махаббат, мейірім, адамгершілік.

Кіріспе. Көркемдік, әсемдік, сұлулық т.б. ұғымдар бірігіп ізгілік ұғымын мәнін толықтыра туған сөздер. Ал, осы ұғымдарды көркем, әсерлі, байыппен жеткізетін көркем шығарма, яғни әдебиет. Тіл мен әдебиет халықтың руханиятын сақтап, дамытатұғын алпауыт күшке ие салалардың бірегейі, яғни елдің, мемлекеттің, ұлттың біртұтастығын, ерекшелігін қамтамасыз ететін идеологиялық құрал. Ұлы гуманистер танымындағы ізгілік ұғымын батыс ойшылдарының еңбектерімен салыстырмалы түрде қарастырылған. «Ізгіліктің табиғаты мен маңыздылығы адам тіршілігінің жалпы мақсатынан көрінеді, себебі батылдық пен ұстамдылық сияқты моральдық ізгіліктен басқа; даналық пен түсінушілік секілді зерделік ізгіліктен басқа; мақсат тылсым болғандықтан, бізге тағдыр, үміт және қайырымдылық сияқты теологиялық ізгіліктер қажет [1, 330].

«Шығарма – өнердің әлеуметтік болмысының формасы әрі әлемдегі күрделі құбылыстардың бірі. Бұл – макроәлем өмір кешетін микроәлем, бұл – тұлға мен оны қоршаған шындықтың моделі. Шығарма мәдениет тұрғысынан қабылданған шынайылық негізінде жазылып шығады. Шығарма өз бойына философиялық, ғылыми, саяси, моральдік, құқықтық, діни идеяларды жинайды. Шығарма құрылымының сыйымдылығы соншалық,

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР14870245 «Ахмет Ясауидың «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

бойына осы идеяларды да, әлемнің эстетикалық байлығын көрсететін өмірдің өзі сияқты пластикалық образдар жүйесін де кірістіреді. Шығармада құбылыстарды қамтудың ауқымдылығын мәдениеттің басқа ешқандай феноменімен мүлде салыстыруға келмейді [2, 107]. Осы тұрғыдан келгенде шығыс пен мұсылман әлеміне аты кеңінен таныс, сопылық әдебиеттің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мен қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, ұлттық поэзияны жаңа биікке көтерген ұлы ақын Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық, тәрбиелілік тәрізді күрделі ұғымдарды жырлап қана қоймай, оның шешу жолдарына ұсынған.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында әдебиеттану, әдебиет теориясы, философия, педогогика, психология мәселелеріне байланысты теориялық еңбектерге шолу жасалды. Қожа Ахмет Ясауи мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдау барысында мазмұндық ерекшеліктеріне шолу, сипаттау, жүйелеу, талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Аталған мақалада, әдебиеттанушы, ясауитанушы, абайтанушы ғалымдардың тұжырымдары талданып, қорытыланды. Батыс философы Энтони Кеннидің «ізгілік», «адамгершілік»; белгілі ғалым, жазушы, халықаралық эстетика қауымдастығының мүшесі Юрий Боревтің [2] «көркем шығарма», «туындыдағы өзектілік пен мәңгілік», «көркемдік шындық пен көркемдік концепция»; абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметовтің [3] «үш сүю», «толық адам»; фольклортанушы ғалым Шәкір Ибраевтың [4] «ынтызар күй», «Абай феномені және әлеуметтік парадигма», ясауитанушылардың сопылық іліміне қатысты пікірлеріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар сараланды.

Талқылау мен бақылау. Ясауи мұрасы – ұлттық руханиятымызбен мәдениетіміз, әдебиетіміздің құнды қазынасы. Өйткені адамзат үшін аса маңызды ізгілік идеялары оның «Диуани хикмет « еңбегінің алтын өзегі. «Ясауи хикметтерінде Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат поэзия тілімен айтылады. Автор мінәжат және мадақ сипатындағы хикметтерін әуелі Аллаға, сонан соң Мұхаммед пайғамбарға бағыттайды. Зерттеушілер де Ясауи хикметтері табыстың кілті, оны тыныштандыратын, бірақ құдіретті үні, тынысы болып табылатын даналығы екенін атап көрсетіп, хикметтерде Алла мен Пайғамбарды сүю, діни ережелерді сақтау, кедейлер мен жетімдерді қорғау, өлім, күрес сияқты тақырыптар жиі қамтылатынын айтады [5, 476].

Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі адамдар арасындағы қарым-қатынас, қанағат, рахым, адамгершілік, мейірім-шапағат, адалдық, ізеттілік жайында сөз қозғайды.

1-хикмет

Жаратса ықылас қойып ақылға кім,

Жалғанда тұтар соны жақын жаным.

Жедім де жетім-жесір, пақыр қамын,

Жетесіз кердеңдерден қаштым міне.

Қайда да қайрымдылыққа талаптан да,

Кемтарға қайырлы жүр, қарап қалма.

Жақын бол махшар күні жаратқанға,

Мейірімсіз менмендерден қаштым міне [6, 35].

Автор, адам табиғатынан мейірімді, адал екенін түсіндіруге тырысады, хикметтің бұл үзіндісінен жамандықтан жиреніп, жақсылыққа үйір болудың дидактикалық сарынын көре аламыз.

Абай Құнанбайұлы хикметтегі дидактикалық сарынды «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде жалғастырады.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,

Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,

Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек [7, 11].

Қай заман суреткерлерінің туындыларын зерделейтін болсақ адал еңбек, мейірімділік, ақылдылық тақырыбы ерекше жырланып, ерекше дәріптелген. Ізгілік ұғымына қарама-

қайшы ұрлық, қулық, сұмдық, жамандық сипаттары көбеюінде деп білеміз. «Классикалық теоретиктердің көбі моральдық игіліктер біртұтас деген пікірді ұстанады, яғни ізгіліктің біреуіне ие болған адамның бойында, шын мәнінде, ізгіліктің барлығы болады, ал кімде оның біреуі де болмаса, ол ізгілік атаулының барлығынан кенде. Соның салдарынан кейбір моралистер «Ізгілік пен азғындықтың аз-кемі жоқ, барлық күнәнің салмағы бірдей» деген пікірді алға тартты [1, 315].

Ізгіліктің пен мейірімділіктің қайнар көзі ғашықтық, махаббат, сүйіспеншілік. Демек, осы тақырыпты қаузаған Қажә Ахмет Ясауи мен Абай Құнанбайұлы туындыларындағы адамзаттың хаққа деген махаббаттың сипатталуында үндестіктің болуы заңдылық.

Ғашық оты өртеп кетер тән мен жанды,
Өртер болса ойран қылар айналанды,
Құштарлықсыз танымассың Жаратқанды,
Не қылсаң да өз еркінде пәруәрдігер [8, 67]!

Автордың пайымдауынша жаратқанды тану үшін де оған деген махаббат керек екен, яғни жаратылғандарға деген сүйіспеншілік арқылы жаратушыны тану, оны мейірімін шексіз сезінуді үйренуді насихаттайды. Бұл ой Абай Құнанбайұлының «Алланың өзі де рас, сөзі рас» өлеңінде жалғасын табады. Бұл жөнінде белгілі әдебиеттанушы ғалым М. Мырзахметов «Абай танымындағы үш сүю мәселесін зерделей келе «Махаббатпен жаратқан адамзатты сенде сүй ол алланы жаннан тәтті», - деп, жаратушысын жаралған пендесінің махаббатпен сүюі керек деген мағынада бірінші сүюді көреміз. Екінші сүю немесе ақын шығармаларында бастан-аяқ үзіліссіз таратылатын басты ой желісі «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ат қойып, айдар тағуында жатыр. Абайдың «Және хақ жолы осы деп әділетті» дегенінен 38-сөздегі нақылия, ғақылия дәлелдерге сүйене отырып ұсынатын ғадаләт ұғымына іліктесетін үшінші сүюді көреміз [3, 279].

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.
Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,

Махаббат қылса тәңірі үшін [7, 189]. Өмірдің мәні, көркі, қызығы махаббатпен байланысты деген ойдың түйіні – жек көру (ғадауат), дұшпандық ойлау, қулық-сұмдық жасау сияқты әділетсіз істердің бәріне қарсы тұратын асыл қасиет махаббат дегенді білдіреді. Өзгермелі дүниенің өзгермейтін ақиқаты – махаббат сезімі. Адамды, адамзатты сүю, жамандықты махаббатпен түзету, міне толық адам өмірінің түйіні осы. Бұл ақиқат – мағыналы өмірдің шындығы, Хақтың жолы.

Суфизмдегі Алланы сүю, Аллаға құлай ғашық болу сияқты дінгекті идея Абай шығармаларында «махаббатпен жаратылған» адамзатқа ойысты. Алайда адамзатты сүюге кесел келтіретін көріністердің қоғамды жайлап алуы Абайды махаббатың бинарлық қарама-қарсы жағы – ғадауатпен алысуға мәжбүр етті.

Абай суфистік идеяны ала отырып, оны жаңаша дамытты, мистикаға берілмей адам және қоғам кемшіліктеріне батыл қарсы тұрды, дендеген кеселдің себептерін өмірдің өзінен алып бейнеледі. Адамда мейірім, шапағат, рақым, әділет, ақыл, жүрек, қайрат, білім бәрі осы махаббаттан қуат алуы тиіс. Ақын жүрегіндегі махаббат – өмір бойы ғадауатпен, зұлымдықпен, дұшпандықпен майдандасқан ұғым [4, 172]

Адам табиғатынан жақсылыққа, ізгілікке жаны құмар. Туғаннан бастап анасына, туғандарына, замандастарына, өмір сүріп жатқан қоғамына, еліне, жеріне, адамзатқа деген сүйіспеншілік арқылы жаратушыға деген махаббаты оянады, яғни кемелденеді.

Филолог ғалым Ш. Ибраев «Абай феномені» ғылыми зерттеулер еңбегінде «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңін талдай келе ізгілік ұғымының мәніне терең үңіледі:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті, –

«осы үш сүю болады имани гүл» деген Абайдың сопылық дүниетанымымен жалғасатын ойы «жаратылғандарды жаратқан Алла үшін сүю» ұстанымына негізделетінін көрсетеді. Ғалым: өз ойын: «Өлең шумағындағы «үш сүю» ұғымының тірек сөзі – махаббат. Алдымен жаратылғандардың иесі – Алланы сүю, екінші – адамзатты сүю, үшінші – «хақ жолы осы деп әділетті» сүю, міне бұл үшеуі әрбір адамның Алланың махаббатына қайтарар жауабы мен ісінің нәтижесі. Бұл ретте Абайдың терең ойының тағы бір түйіні – «махаббатпен жаратылған адамзат» қалай жүріп-тұруы керек деген мәселе. Мұның жауабы әділет. Бұл хақ жолы», – деп қорытады [4, 169].

Адамзаттың асыл мұраты – ізгілік жолымен ақиқатқа жету болса, ұлы ойшылдың танымы бойынша рухани биіктеудің төрт сатысы айтылады. Олар: шарифат, тарихат, ақиқат, мағрифат [9, 147].

«Шарифат» – ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы, «тарихат» – сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізген жол, ал «мағрифат» – дін жолын танып, оқып-білу, «хақиқат» – құдаймен бірігу оған жақындау. Ахмет Ясауидің пәлсапалық пайымы бойынша, «шарифатсыз», «тарихатсыз», «мағрифатсыз» «хақиқатқа» жету мүмкін емес.

Адам жан-жағын танып, есейе келе тіршілікке, өмірге көзқарасы өзгере түсетіні ақиқат. Тіршіліктің баянсыздығын, мәңгілік ештеңе жоқ екенін жақсы түсіне бастағанда ізгілікке, мейірімділікке жақындайды. Демек, қасындағы кісілерге мейірімін төгеді, қамқор болады, бауыр-туыс іздейді. Осы іздеу арқылы хақты, жаратушыны танығысы келеді, яғни біреуге жақсылық жасаудан эстетикалық ләззат алады.

Ізгілікке апаратын жолдың әділетті болуы шарт. Әділ ме, әлде жалған ба оны өмір тәжірибесі арқылы сезінеді. Ш. Ибраев «Әділеттілік жеке адамның бойында кездесетін қасиет болғанымен, оның оның көрінісі адамдар арасындағы қарым-қатынас арқылы анықталады. Сондықтан да әділет – социум категориясы. Әділет ұғымының астарында, адамгершілік, әлеуметтік, қоғамдық, саяси сана тұр. Абай өлеңдерінде «адамзат» деп айтуы тегін емес. Ақын гуманизмнің астарында тұрған ой – әділет жолмен бірлік құрған адамзаттың бір-біріне деген сүйіспеншілігі. Олардың тіршілік етуінің бірден-бір ақиқат жолы осы», – деп қорытады [4, 170].

Нәтижелер. Дүние жаратылғаннан бері адамзаттың арманы «мәңгілік өмір іздеу», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды аңсау», «тіршілік етуге қолайлы жерұйықтың іздеу» адам баласының жан дүниесіндегі жақсылыққа деген құштарлықтан туындаған деп пайымдауымызға әбден болады. Бұл жайында қаншама аңыз-әңгімелер, мифтер, ертегілер т.б. көркем туындыларда жазылып, суреттеліп, баяндалып келеді. Көркем туындыларда қозғалған көркемдік шындық пен тарихи шындықты бөле қарау қателік. Себебі, қиял, ой, сөз арқылы адам әрекет етеді, дамиды, құлдырайды т.б.

Эстет ғалым Ю.Борев: «Көркемдік шындық әлемді оның тұтастығында көрсетеді. Тұтастық – көркемдік әлемнің ажырамас сипаты. Шығарма – көркем бейнелерден құралатын өнім. Ол әлем шынайыға ұқсамайды: ондай байлар да жылайды, кедейлер де қуанады, онда адамдар ғашық болады, жек көреді, шынайы өмірдегідей өмірге келіп, дүниеден өтеді. Бейнелеу өнеріндегі ғана емес, әдеби бейнелердің де пластикалығы сондай, біздер кейіпкерлер мен оларды, қоршаған заттарды өмірде көргендей анық та айқын көреміз. Көз алдымызда адамның ең нәзік сезімдерінің – көркем әлемі келеді. Көркемдік әлем орасан зор әрі тарихи шындыққа ауқымдас болады», – деп көрсетеді [2, 109]. Сопылық ілімінің негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі адам бойындағы мінді жеңіп, кемел адам, жетілген адам, толық адам дәрежесіне жетудегі түйінді ойлары Абай Құнанбайұлының туындыларымен үндес, сарындас.

Д. Кенжетай: «Иасауидей пірі, Абайдай хәкімі, Шәкәрімдей данасы бар бүгінгі қазақ қоғамы өзінің діни кеңістігін зерттеп, танып, үйрену үшін алдымен солардан қалған мұраларды игеру сатысынан өтуі тиіс. Иасауи салған жол Абайдан кейінгілерге де үлгі

болды. Иасауи хикметтері нақыл, терме, қара сөз ретінде дәстүр мен әдеп, ойлау мен таным желісі болып тарихымыздың белестері мен атақты тұлғаларының тілінде, жүрегінде, ділі мен қаламында мирас болды. Солардың бірегейі де Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы», – деп Ясауидей ғұламаның әдеби мұрасының мән-маңызын тұжырымдайды.

Зерттеушілер пікіріне сүйенсек: «Әрине Ясауи хикметтері тек қана көркем шығарма ретінде жазылған туынды дей алмаймыз. Мұнда көбіне танымдық, тәрбиелік мәселелер жетекші рөл атқарған. Ясауи сопылық ілімді дәстүрлі поэзиямен айшықтаған терең білімді ақын болғандықтан, оның шығармалары көркемдігі жағынан да ерекшеленеді» [10, 93].

Ясауи мен Абай мұрасындағы махаббат ұғымы ізгіліктен, иманнан бастау алады. Махаббат пен сенім, шындық пен адалдық, адамның ақыл-есін, парасатын қалыптастыра отырып, адамзатты адамдық санатқа жеткізеді [11, 54]. Адамзатты адамдық санатқа жеткізетін Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің бір қатары ғашықтық, яғни жаратушыға деген ғашықтық жайында сөз етеді. Ақынның Алла тағалаға деген махаббат, іңкәрлігі туралы хикметтерінде кездесетін тіркестерге зер салатын болсақ, жаратушыға деген сүйіспеншілікті, құрметті көре отыра, адам баласының адам баласына қиянат жасамай, бір-біріне деген сыйластықты насихаттайтынын байқауымызға болады. Айталық, «Ізгі жол», «Махаббатың дәмі», «Әділ сөйлеп, адал жүр», «Ізгі жүрек», «Тура жол», «Шын ғашықтық дүкені», «Бағым жанды», «Шын ғашықтық жолы ұзақ», «Ғахты сүйю», «Ғашық оты», «Махаббатты базарлау», «Медет тілеу», «Жақсыларға қызмет», «Кәміл ғашық», «Гүлге ғашық», «Ғашықты-дүниеде ең қиын түйін», «Ғашық дәптері», «Ғашықтық ұлық базар», «Ғашықтарға дүние-мүлік, мал да арам», «Ғашықтыққа дауа қонбас», «Махаббаттың шарабы», «Ғашықтардың жан даусы», «Ғашық бағы», «Ғашық болу – ұлық іс», «Ғашықтық жолы».

Махаббат, ғашықтық, сүйіспеншілік – рухани дүниенің айнымас құндылығының бірі. Барлығы қосылып адамшылық қасиеттерінің негізгі белгілерін бағамдайды. Осы тұста достық туралы да айта кеткен дұрыс. «Адам рухының тазалығын сақтауда және нәрлендіріп тұруда махаббат пен достық – іздейтін, аңсайтын жанның азығы. Екеуінің де мекені жүрек. Бұл ұғымдардың түп негізі исламдық сопылық ілімде жатыр» [4, 165].

Абай Құнанбайұлының да шығармашылығындағы махаббат тақырыбы адамға адамгершілік туды жоғары ұстатуға бастайтын күш, «Адам» деген атты мәңгі сақтататын зор қасиет болып көрсетіледі.

Адамның тұрмыстық іс-әрекетінің өзі адамгершілік, гуманизм, имандылық деңгейлерімен бағаланады, оның ішкі дүниесінің негізгі формалары болып, махаббат, үміт және сенім есептеледі. Имандылық ұғымы халықтың бай рухани қазынасымен байланысты, әрбір адам осы рухани байлықты жүйелі түрде терең сезінуі қажет. Ендеше бұл дүниедегі негізгі әлеуметтік-мәдени байлық, парасатты, иманды іші мен сырты әсем, ылғи ойы мен ісі бірлікте болатын адам. Соның ішінде адамның өзін өзі тануы – ең қиын мәселе. Данышпан Абай атамыз айтқандай: «Адам бол!» атты гуманистік идеясы сонау Ясауиден халқымыздың бойына сіңген өзіндік философиясына тән [12, 31].

Қорытынды. Ясауи хикметтеріндегі адами қасиеттің ұясы тазалық, ізгілік болса, ізгіліктің нәр алар көзі – жүрек. Абай поэзиясында да үйлесімділікті реттеуші, мейірім шуағын төгуші – жүрек. Абайдың бірқатар өлеңдерінде Алла тағаланы жүрекпен танып, оның хақтығын, нығметтерін жүрекпен сезіну қажеттілігі, айтар сөзін жүрегіннен шықпаса, ондай сөзді айтып, жалғандыққа жол бермеу туралы байламын жеткізеді. Абайдың туындыларындағы жүрек концептісі заттық әрі абстракциялық түсініктермен байланыстыра берілген. Мысалы, ыстық жүрек, жүректе қайрат болмаса, жылы жүрек, мұз жүрек, жүрегім менің қырық жамау, ауру жүрек соғады жүрекке жылы тию, асау жүрек пен махаббат пен ғадауат шайқасқан жүрек деп көрсетеді. Бұл тұста Абайдың шығармашылығында адамның көңіл-күйін, мінезінің құбылмалылығын бейнелейтін сөздердің әр алуандығы осы жүрек сөзімен байланыс тауып жатқандығын аңғарамыз.

Яғни, материалдық емес байлықтың үстемдік құруы, жалған әлемнің қызығына алданбауды насихаттайтын сопылық ілім сарыны Абай поэзиясында үйлесімділікпен жалғасын тауып, сөз өнерінде өзіңдік биігін тауып орнықты. Бұл дүниенің қызығынан бас тартып, барлығын тәрк ететін Қожа Ахмет Ясауи насихаттайтын сарын толығымен Абай шығармашылығында жалғасын таппағанымен жалған өмір қызығын үйлесімділікте жырлады. Сондықтан ізгілік дүниетанымы жаратылыс болмысын тануда дала ойшылдарының туындылары уақыт өлшеміне бағынбайды.

«Шығарманың күрделілігі оның тарихи өзгермелілігінен көрінеді. Ол өзіне тең емес. Тарихи өзгермелі ұлы туындылар – мәңгілік серіктеріміз және барлық уақытта да бізбен замандас. Туындының тарихи қозғалысы қалай жүзеге асады? Оны не және қандай күш қозғайды? Өртүрлі қабылдау ма? Бірақ туындыға қатысты алғанда, бұл – туындыға тарихи өзгермелі әрі өзіне-өзі тең түспеуге мүмкіндік тудыратын, әлдебір ішкі сапаға сүйенуді қажет ететін сыртқы ықпал. Кез келген шығарманың өзекті бөлігі нақ осы бір қоғамға, нақ осы бір кезеңге бағдарланады, ал терең қабаттары адамзатқа арналып шығармаға ұзақ ғұмыр береді. Шығарма – заманауи нақты жағдайға жауап беріп, ұзаққа созылады әрі мәңгілік өмірге арналады», – дейді ғалым Ю.Борев. [2, 108]. Осы тұжырыммен келісе отырып, Ясауи мұрасындағы ізгілік идеясының Абай шығармасында жаңғыруын адамзаттық мәңгілік мұрат ұғымымен түсіндіруімізге болады.

Уақыт өткен сайын халықтың рухани жадынан орын алған құнды мұралардың маңызы арта бермек. Осы ретте түркі дүниесінің ойшылы Қожа Ахмет Ясауи мен қазақ халқының кемеңгері ұлы Абай шығармашылығындағы ізгілік мұраттары ұрпақ үшін тағлымы мол мұра болмақ.

Қорытындылай келе Қожа Ахмет Ясауи мен Абай Құнанбайұлының мәңгілік өмірге арналған туындыларындағы ізгілік, мейірімділік, шапағат, рақым, сүйіспеншілік, ғашықтық, махаббат т.б. ұғымдардың барлығы болмысты тануға бағытталғандығын айтамыз.

Әдебиеттер

1. Энтони К. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 400 б.
2. Борев Ю.Б. Эстетика. Оқулық. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020. – 408 б.
3. Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Өңд., толықт., 2-бас, – Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. – 432 б.
4. Ибраев Ш. Абай феномені. – Нұр-Сұлтан: Алашорда қоғамдық қоры, 2021. – 240 б.
5. Sarekenova K., Aimukhambet Z., Malikov K., Salikzhanova S., Zhylkybay G., Assanbayeva Y. Effects of online learning and digital conversation-based activities on the transfer of cultural values in language and literature class7es. // International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST), 11(2), 471-492. 2023 <https://doi.org/10.46328/ijemst.3135>
6. Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.
7. Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
8. Ясауи Қ.А. Хикметтер. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1995. –128 б.
9. Аймұхамбет Ж.Ә. Ясауидің «Диуани Хикметі» мен Дантениң «Құдыретті комедиясында» бейіш пен тозақтың бейнеленуі // Turkic Studies Journal, 5 (4), 146–162. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-146-162>
10. Айтуғанова С.Ш., Сарекенова Қ.Қ. Ясауи хикметтеріндегі айшықтаулардың көркемдік қызметі. // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №1/2024. – Б. 92-103.
11. Оразалиев С. Абай және Дауани. – Түркістан: Мұра, 1997. – 104 б.
12. Жанатова А.Ж. Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикмет» дастанындағы гуманистік идеялар. //ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы № 4 (134). 2011, 29-31 б.

А.Е. АЛИМБАЕВ

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан
Б.М.ОСЕРОВ

«Астана Дарыны», Астана, Қазақстан

ВОСПЕВАНИЕ ГУМАНИЗМА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ И АБАЯ КУНАНБАЕВА

Аннотация. В статье рассматривается содержательная, идейная связь общечеловеческих ценностей в хикметах (мудростях) крупного представителя древнетюркской письменной литературы Ходжи Ахмеда Ясави и произведениях Абая Кунанбаева. Все, что сотворено, как говорил академик З. Кабдолов, является «Главным объектом литературы – человеком», служит любимым рабам Творца - людям. Преодоление изъяна человека, наполненного такой любовью, – это борьба и тяжба всей жизни. Следовательно, через перипетии человека жизнь продолжается, меняется... Но для того, чтобы человек, живущий среди этих перемен и явлений, не лишился человечности и доброты, будет правильным, если он сам будет сеять в своем сердце зерно добра, выращивать и поливать его водичкой. Эти качества закрепились в духовном наследии как общечеловеческие вечные принципы. В статье исследуется, как «Дивани Хикмет» из такой категории духовного наследия воплощает идеалы добродетели и продолжается эта идея в произведениях Абая. Утверждения о том, что концепция Абая «Целостный человек» связана с добродетелями человека, можно судить по текстовым сравнениям, анализу. Также «идея – Хикмет» Ясави и наследие Абая ценны как пример добродетельных идеалов» обосновывается ссылками на выводы научных трудов.

Ключевые слова: Ясави, Абай, добродетель, любовь, доброта, человечность.

A.E. ALIMBAYEV

A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

B.M. OSSEROV

«Astana Daryny» Astana, Kazakhstan

THE GLORIFICATION OF HUMANISM IN THE WORKS OF KHOJA AHMED YASAWI AND ABAI KUNANBAYEV

Annotation. The paper deals with the substantive, ideological connection of universal values in hikmets (wisdoms) of a major representative of ancient Turkic written literature Khoja Ahmed Yasawi and the works of Abay Kunanbayev. Everything that is created, as Academician Z. Kabdolv said, is 'The main object of literature - the human being', serves the Creator's favourite servants - the people. To overcome the flaw of a person filled with such love is the struggle and travail of a lifetime. Consequently, through the vicissitudes of a man, life goes on, changes... But in order for a person living among these changes and phenomena not to lose his humanity and goodness, it will be right if he himself sows a grain of goodness in his heart, cultivates and waters it with water. These qualities are established in the spiritual heritage as the universal eternal principles. The paper studies how 'Divani Hikmet' from such a category of spiritual heritage embodies the ideals of virtue and continues this idea in Abay's works. The statements that Abay's concept of 'Integral Man' is related to human virtues can be judged by textual comparisons and analysis. Moreover, 'the idea - Yasawi's Hikmet and Abay's heritage are valuable as an example of virtuous ideals' is justified by the references to the conclusions of scientific works.

Keywords: Yasawi, Abay, virtue, love, kindness, humanity.

References

1. Entoni K. Batys filosoifiasynyñ jaña tarihy, 2-tom, Orta ғасыр filosofiasy. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 400 b.
2. Borev І.В. Estetika. Oqulyq. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2020. – 408 b.
3. Sarekenova K., Aimukhambet Z., Malikov K., Salikzhanova S., Zhylkybay G., Assanbayeva Y. Effects of online learning and digital conversation-based activities on the transfer of cultural values in language and literature classes. *International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST)*, 11(2), 471-492. 2023 <https://doi.org/10.46328/ijemst.3135>
4. Ысауи Қ.А. Hikmet jinaq: Danalyq syr, – Almaty: Jalyn, 1998. – 656 b.
5. Abai. Qalyñ elim, qazağym... Öleñder. – Almaty: Atamūra, 2002. – 224 b.
6. Ысауи Қ.А. Hikmetter. – Almaty: Atamūra – Qazaqstan, 1995. –128 b.
7. Myrzahmetūly M. Abaitanu: 1-kıtap. Öñd., tolyqt., 2-bas, – Astana: Interactiv Kazakhstan, 2014. – 432 b.
8. İbraev Ş. Abai fneomenı. – Nūr-Sūltan: Alaşorda qoғamdyq qory, 2021. – 240 b.
9. Aimūhambet J.Ä. Ысаuidiñ «Diуani Hikmeti» men Danteniñ «Qūdyretti komediasynda» beiş pen tozaqtyñ beinelenuu //Turkic Studies Journal, 5(4), 146–162. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-146-162>
10. Aituғанова S.Ş., Sarekenova Q.Q. Ысауи hikmetterindeгі айықтаулардың көркемдік қызметі. //Eurazia гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №1/2024. – B. 92-103.
11. Orazaliev S. Abai және Dauani. – Türkistan: Mūra, 1997. – 104 b.
12. Janatova A. J. Qoja Ahmet Ыssauidyñ «Diуani hikmet» dastanyndaғы гуманитарistik ideialar. // QazҰU HABARŞYSY. Filologia seriasy № 4(134). 2011, 29-31 b.

Автор туралы мәлімет:

Алимбаев Аслан Есемканович – философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Алимбаев Аслан Есемканович – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Куцаинова, Астана, Казахстан.

Alimbayev Aslan Yesemkhanovizh – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

Осеров Бауыржан Маратулы – педагогика ғылымдарының магистрі, «Астана Дарыны» әдіскері, Астана, Қазақстан.

Осеров Бауыржан Маратулы – магистр педагогических наук, методист «Астана Дарыны», Астана, Қазақстан.

Osserov Bauyrzhan Maratuly – Master of Pedagogical Sciences, Methodist «Astana Daryny» Astana, Kazakhstan.

*Г.Ж. ДОСМАГАНБЕТОВА¹ Ж.С. БЕЙСЕНОВА² 

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан^{1,2}
(e-mail: gulya0603@mail.ru¹, zhaina_b@mail.ru²)

ОПИСАТЕЛЬНЫЕ СТРАТЕГИИ В ТРАВЕЛОГАХ АДИ ШАРИПОВА

Аннотация. В статье представлен опыт осмысления описательных стратегий травелога А. Шарипова с целью выявления и понимания его креативных свойств, характеризующих как окружающий мир, так и внутренний мир человека. Актуальность поставленной проблемы связана как с растущим интересом к феномену травелога, «захватывающим» в настоящее время сферу художественной литературы, так и концептуализацией самого понятия «травелог», не имеющего на сегодняшний день общепринятого определения. Дефицит обобщающих исследований о травелоге объясняет предпринятую целевую установку исследования, направленную на анализ описательных стратегий, предпринятых в путевых записках А. Шарипова. Выделив этапы работы в травелогическом творчестве писателя, авторы привлекают биографические сведения из его жизни, обнаруживают в качестве культурного национального кода определенный набор признаков: во-первых, культурный трансфер сквозь призму понимания «своего» и «чужого», во-вторых, ориентацию на стратегию языковой объективизации, которая подчиняется композиционно-семантической организации травелога. Отмечается безусловность присутствия ядерных концептов травелога, таких как Путь, Путник, описывающих начальные и завершающие моменты Пути: «Начало» и «Завершение». В ходе определения описательной стратегии писателя использовались объективно-аналитический, литературоведческий и другие научные методы. Авторы опираются в исследовании на теоретические предпосылки в трудах А. Паскуали и О. Ф. Русаковой. Травелог А. Шарипова «На дальних берегах» является ключевым в данном исследовании.

Ключевые слова: травелог, Ади Шарипов, описательные стратегии, Африка, путевые дневники.

Введение. Импульсом для настоящей статьи явились результаты исследования актуальной проблематики травелога как литературного жанра.

Отсутствие окончательного и общепринятого определения травелога в современном литературоведении предопределяет научную новизну настоящего исследования, построенную на исследовании описательных стратегий в творчестве А. Шарипова, как писателя-путешественника. Проблема определения термина «травелог» связана с тем, что в последнее время в литературоведении для обозначения сочинений писателей о путешествиях все чаще употребляется термин «травелог» вместо «путевые записки, путевые дневники, путевые заметки или очерки», как принято было называть раньше все произведения о путешествии. В то же время, исследователи очень часто не сходятся во мнениях о том, что касается этого термина, пришедшего из английского языка. На вопрос «Что такое травелог?», заданный неким неизвестным пользователем сайта google.ru, ответы очень разные. Одни его определяют как просто «путешествие» или как «повествование или лекция о путешествии, зачастую сопровождаемые иллюстрациями и географическими картами». А другие придают этому слову более широкое значение: «отчет о путешествии», в который входит «не только хронология поездки, но и рефлексия и переживания»

увиденного, современный травелог объединяет искусство интеллектуального путешествия со способностью проникать в жизнь и культуру чужой страны» [1, 171]. Исследователи О. Ф. Русакова и В. М. Русаков отмечают, что каждый «дисциплинарный подход предполагает применение только ему присущий исследовательский инструментарий, в этой связи возникает потребность в выработке комплексного, междисциплинарного подхода к осмыслению травелога, позволяющего обеспечить необходимую глубину в изучении его самых разных сторон и аспектов» [2, 66]. В проекции на литературный подход обращение к специфике травелога сквозь призму путевых записок писателя А. Шарипова обладает дополнительной актуальностью и проблемностью. Отдельной задачей видится последовательность в применении к особенностям художественного травелога оптики описательных стратегий, обеспечивающей восприятие объекта изучения с максимально искусной реализацией задач художественного воплощения реального времени и пространства.

Стратегия (от др.-гр. στρατηγία) – искусство полководца, искусство ведения боя, военных действий, искусство уничтожения неприятеля. В широко распространенном значении – это искусство управления какой-либо области жизни в целях преодоления непрошенных в этой сфере явлений и поэтапного достижения в ней искомым, чаемых результатов. Стратегия имеет в виду продуманный, гибкий план массивированных действий. Данный прием предполагает долгосрочную мотивацию труда, общую схему-навигацию («дорожную карту») продвижения к намеченной цели, последовательную и успешную реализацию своего предназначения в определенной сфере жизнедеятельности. Смысловый диапазон этого понятия велик. Оно охотно используется не только в военном деле, но и в бизнесе, политике, образовании, культуре, науке. Стратегия – частотное понятие в устах топ-менеджеров, финансистов, политиков, политологов, психологов, социологов, историков, педагогов, лингвистов [3, 180]. Применительно к художественной словесности словосочетание «описательные стратегии» не столь частотно, хотя и весьма существенно. Описательные стратегии в литературоведении – это приемы и методы, используемыми для анализа и интерпретации текста. Эти стратеги помогают читателям и исследователям лучше понимать, как текст функционирует как целое, а также как отдельные его элементы (такие как персонажи, сюжет, символы и темы) работают в нем [3,182]. Как известно, существуют многие описательные стратеги, каждая из которых имеет свои собственные преимущества и недостатки. Описательные стратеги являются важным инструментом для литературоведов, так как они помогают им лучше понимать и интерпретировать тексты. Эти стратегии также помогают читателям лучше понимать и ценить произведения, которые они читают.

Травелоги А. Шарипова, казахстанского писателя и путешественника, отличаются ярким и образным языком, что делает их не только интересными для читателя, но и ценными для исследователей литературы. Шарипов использует различные приемы, такие как сравнения, метафоры, персонификацию, детализацию, юмор и иронию, чтобы создать яркие и запоминающиеся описания мест и событий. Его травелоги являются ценным источником информации о культуре, истории и географии Казахстана и других стран, которые он посетил. Однако помимо информативной ценности, травелоги писателя также представляют собой литературные произведения, которые отличаются высоким художественным уровнем. Описательные стратегии, используемые автором, играют важную роль в создании этого художественного уровня.

Жерлесі, рухани ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың кеңесімен ұлттық педагогика мен этнография мәселелеріне ғылыми тұрғыдан талдау жүргізген «Мектептен бұрынғы тәрбие» (Орынбор, 1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927), «Баланы аурудан сақтандыру» деген еңбектеріндегі ұрпақ тәрбиесіне қатысты құнды ой-пікірлері бүгіндері де бағалы.

Ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан Н. Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітабына жазған алғы сөзінде ұлт ұстазы А. Байтұрсынов: «...Нәзипа жолдастың кітабы мектеп жасынан бергі, екі жастан арғы балаларды тәрбиелеу үшін мәдениет жүзінде алда тұрған халықтар не істейтіні, бала тәрбиесі оларда қандай орын алып, қандай дәрежеде тұрғаны жайынан қысқаша мағлұмат береді...

...Жазушының мақсаты тәрбие туралы кітап шығару емес, бала тәрбиесіне ойын бөлетін адамдарға бала тәрбиесінің бағдарынан хабар беру екендігі кітап мазмұнынан көрініп тұр. Ол ойын жазушы орындап шыққан», – деп баға беріпті» [3]. Қазақ руханиятының көсемінен мұндай баға алу көпке бұйыра бермейтін бақыт.

Қазақтың қыздарынан тұңғыш шыққан қарымды қаламгер Н. Құлжанованың «Бір керек жұмыс», «Әдебиетімізге көз салу», «Ақын Шолпан», «Семей театры» секілді танымды туындылары да ұлт руханиятының ең көкейкесті мәселелерін қозғайды. Осы орайда Мариям Хакімжанова: «Нәзипа қазақтың тұңғыш журналист қызы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінің тұңғыш редколлегия мүшесі болған. Ленин қайтыс болғанда қазақ әйелдері атынан «Жоқтау» атты мақаласы «Қызыл Қазақстан» журналының бірінші санында жарияланған екен. 1930 жылдың басында Москваға барып, Н. К. Крупскаямен кездеседі. «...Нәзекең көркем шығарма жазу, әдеби сын жазу, аударма жасау, зерттеулер жүргізуге де қабілеті де, білімі де, тілі де, мәдениеті де жететін талантты да талапты саңлағымыздың өзі еді. Бірақ, денсаулығы мен білген кезде нашар болатын. Әсіресе жүрегінен жиі ауыратын. Қазақ халқының тұңғыш советтік ақын қыз Шолпан Иманбаеваны күндіктен босатып алған. Ол баспа бетінде жарияламаса да өлең жазған кісі көрінеді. Ол кісі өлеңді екі тілде бірдей жазушы еді дейді, кейбір білетін жолдастар. Әсіресе хат жазғанда өлеңсіз жазбайды екен. Әзірге менің қолыма Нәзекеңнің өлеңдері түсе қойған жоқ», – дейді [3]. Н. Құлжанованың республикада әйелдер қозғалысына ірі қозғау салған және көптеген ауылдық, губерниялық, уездік комитеттерде әйелдер бөлімін аштырған алғашқы зиялы жан екендігі де ұлтты мақтанышқа бөлері хақ.

Талантты тұлға, тегеурінді қаламгердің «Маржан», «Есіл қыз-ай!» сияқты көркем әңгімелері де ұлт әдебиетіндегі көркем прозаның алғашқы айшықты үлгілері.

Орыс, қазақ тілдерінде сөзге жүйрік болған, екі тілде де еркін қалам сілтеген сирек талант иесі Н. Құлжанова керемет аудармашы да. Оның ұлттың сөз өнерінде ең алғашқылардың бірі болып Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі мен Ыбырайдың «Көктем» өлеңін, Ғ. Мүсірепов шығармаларын орысшаға аударуы асқан білгірлікті, сөз танудағы талғампаздықты танытса керек.

Тіл білетін кісіге орыс тілінен қазақшаға аудару жеңіл болғанымен, қазақ тілінен тікелей орыс тіліне тәржімелеу оңайға түспесі анық. Екі елдің сөз байлығын терең меңгеріп, мағынасын төл туындыдай танып, аудару автордан асқан кәсібилікті де керек етсе керек. Бұл тұста Н. Құлжанованың В. Г. Короленконың «Күн тұтылғанда», М. Горькийдің «1905

жыл, январьдың 9-ы күні», А. Куприннің «Лапылдап жанған крейсер», А. Скиталецтің «Полевой сот» және Б.А. Лавреневтің «Қырық бірінші» дейтін повесін тәржімелеп, жинаған тәжірибесі өз қолтаңбасын танытады.

Ұлттық мәдениет, әдебиет, ғылым тарихында көрнекті педагог-оқымысты, журналист-көркемсөзші, жазушы әрі аудармашы Нәзипа Құлжанованың шығармашылығы жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негімов: «...Сондықтан да білім-ғылыммен мұздай қаруланған Н. Құлжанованың орыстың классикалық әдебиетімен етене таныстығы, суреткерлік зерде-санамен қабылдауы, орыс тілінің образдық-метафоралық жүйесін, табиғатын жыға түсінуі, астарын сұңғылалықпен тануы, яғни түпнұсқаның рухын, сырын, сұлулығын жүйріктікпен сезініп-түйсінуі (стилистикасын, синтаксисін, фразеологиясын, интонациялық-мелодикалық құрылымын, музыкалық архитектурасын) ұлт тілінде соншалықты әсерлі, мәнерлі, жатық сөйлеткен.

Түйіп айтқанда, аударма өнері ұлт әдебиетінің өркендеуіне, шеберлік сабақтарының гүлденіп тереңдеуіне, жалпыхалықтық, адамзаттық, ұлттық идеалдардың бір-бірлерімен жалғасып-сабақтасып, біртұтас құбылысқа, ортақ игілікке айналуына қызмет еткен саңлақ тұлға Нәзипа Құлжанованың ой қисыны, сөз қолданылуы және көркемдік мазмұнын «қыран көрегендікпен», білгірлікпен айшықты бажайлап кестелеуі, өрнектеп жеткізуі қызықтырады», – дейді [3].

Нәзипа Құлжановадан тәлім алған М. Әуезов жастайынан Абайды танып өскені оның көптеген ғылыми зерттеулеріне өзек бола алды. Оның абайтану саласындағы ғұмыр бойғы ізденістерін екі салаға қатар жіктеп қарастыра аламыз. Оның бірі ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде таңу бағытындағы зерттеу болса, екінші бағыты Абайдың көркем бейнесін әртүрлі жанрада сомдау [7, 270]. «М. Әуезов – Абайды бала кезінен-ақ ерте тануға мүмкіндігі болған жан. Оның ақыл-ойы толысып, алғаш жазған мақаласы да Абайға арналған. Абайдың өзін көріп, онымен жақын жүріп таныс болған адамдардың айтуымен ақынның ғылыми өмірбаянын жазып алған да – М. Әуезов. Ақын шығармаларының санын арттырып, сапасын да жетілдірген, сөйтіп ақынның толық шығармалар жинағын дайындаған да – М. Әуезов. Абай өмірі мен мұрасын терең де толық танытып, «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Абай Құнанбаев» монографиясын жазып жариялаған да – М. Әуезов», – дейді әуезовтанушы М. Әліпхан [8, 32]. Ал саналы ғұмырын Абай мен М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арнаған М. Мырзахметов М. Әуезовтің тек қана Абай мұрасы айналасындағы ізденістері мен зерттеулері, көркем туындылары әрі ондағы әртүрлі айтылған, жазылған пікірлері, қолжазбалары, тезистері, баяндамалары, хаттары, сөйлеген сөздері, түрлі тақырыптағы тура, жанама пікірлерінің өзін жинастырып, жүйелесе көлемі жағынан 15 томдық басылым болары, ал әлі толық басылым көрмеген абайтану саласындағы мұрағат деректері де көлемі жағынан 30 баспа табақтан асып түсетіні сөзсіз екендігін бірнеше жылдан бері айтып та жазып та келеді [9].

Қорытынды. Мұхтар Әуезовтің ұстазы болған Нәзипа Құлжанованың қайраткерлігі, ұлтжандылығы туралы өз замандастары, Алаш қайраткерлерінің берген бағасына бір сәт көңіл аударсақ, шын мәнінде, ол кісідей бақытты жан болмаған, дер кезінде ардақталмаған адам болмаған сыңайлы.

С. Сейфуллиннің «Самұрық» (Қазақстан әуе кемесіне жәрдем жинаушы бірінші қазақ әйелдері комитетінің бастығы Нәзипаға тартамын) деген 7 тармақты өлеңі 1923 жылы 8 октябрьде жазылыпты. Сол кездегі газет-журналдарда «Нәзифа», «Нәзекең», «Нон», «Е.Е» деп жазғандары да көп кездескен [3].

Қазақтың талантты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Нәзипаға арнаған өлеңіндегі:
Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет-журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса, сондай әйел оқысын деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.
Неше күн қыдырсаң да таба алмайсың,
Семейдің одан өтер адал жанын!», – деген жолдары кімнің де жүрегін толқытары хақ [3].

Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым-лингвист, түрколог, ақын, аудармашы Ахмет Байтұрсынов болса:

«Рақатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен Құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым...
...Тән көмілер, көмілмес өткен ісім,
Ойлайтұғын мен емес бір күндігін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін», – деп қарындасына сырын ашып, мұңын шағып, өсиетін қалдырады [3]. Реті келгенде айта кетер бір жайт, 1909 жылы шілдеде жалған жаламен сотталып, Семей түрмесіне түскен Ахмет Байтұрсынов Нәзипаға түрмеде туған «Анама хат», «Нұқаға хат», «Нәзипа қарындасыма» дейтін өлеңдерімен қоса бірнеше қолжазбасын да берген екен. Оларды құпия түрде Ахмет Байтұрсыновтың анасына Торғайға жөнелткен Нәзипаның ерлігі де естен кетпес, елінің ертеңі үшін өмірін құрбандыққа шалған жанкештілікті танытады. Бұл деректердің бәрі жоғарыда аталған жинақтағы филология ғылымдарының докторы Рахима Сыздықованың «Нәзипа Құлжанованың өмірі мен шығармашылығы туралы» деген мақаласынан алынды.

Тағы бір ерекше тоқталар дерек, қазақ қыздарынан шыққан алғашқы абайтанушы, педагог, аудармашы, журналист, қарымды қаламгер Нәзипа Құлжанова Қазақстанда әйелдер қозғалысын өрістету ісіне белсене араласқан, әйелдер бөлімінің жұмысына үлкен үлес қосқан адам, қоғам қайраткері. Шығыс әйелдерінің I съезін ұйымдастыруда атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Республиканың жер-жерінде әйелдер арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге аянбай атсалысқан. Ұстаз, ағартушы, журналист, аудармашы, жазушы қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, қазақ әйелдері комитетінің тұңғыш ұйымдастырушысы Нәзипа Құлжанованың Алаштың даңқты қайраткерлерінің арасында таңдаулы орынды иеленгені көптеген зерттеушілердің еңбектерінде арнайы қарастырылған.

Ал ұлы Абайды әлемге танытқан қаламгер М. Әуезовтің тарихи-мәдени мұрасы сарқылмас қазына деп бағаланады [10, 24]. Бүгінде М. Әуезовтің абайтануға қосқан үлесі тек қазақ ғалымдарының ғана емес, шетелдік ғалымдардың да назарында. Назарбаев университетінің профессоры Габриель Макгуайр: «Әуезов кейінгі еңбектерінде де Абайды сөз өнері мен гуманизмнің байланысын түсінудегі түрлендіруші ретінде көрсетуді жалғастырды. Сонымен қатар ол бұрынғы ақындарға айтылған қатал сынды да қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары мен тақырыптарын кешенді зерттеулермен алмастырды», – дейді [11, 2].

Н. Құлжанова мен М. Әуезовтің абайтану ғылымының дамуы мен қалыптасуына сіңірген еңбектері әлі де терең зерттеп-зерделеуді қажет ететін келелі тақырып.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Мұражай қоры, № 382-папка.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. Бас ред. С. Қасқабасов; ред. алқасы: Б.Қ. Майтанов, Н.Е. Ақбай, Р. Әбдіғұлов т.б. (2011). – Алматы: Атамұра. – 688 б.
3. Құлжанова Н. (2014). Шығармалары: (мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар). – Алматы: Ана тілі. – 384 б.
4. Әуезова Л. Біздің Мұхтар //Құраст. Б. Сахариев. М.О. Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы. – 1976. – 430 бет.
5. Әуезов М. (1914). Қазақ халқының ұлы ақыны // «Айқап» журналы. №4 // Айқап: энциклопедия / құраст.: Ү. Субханбердина, С. Дәуітова. Бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 б.

6. Тоқтарбай Е. (2020). Ұлтқа қызмет еткен (Нәзипа Құлжанованың абайтануға қосқан үлесі хақында) // «Ана тілі». №33.20-26 тамыз, –12 бет.
7. М.О. Әуезовтің Абай және текстология мәселелері туралы қолжазбалары: Ұжымдық монография. – Алматы: «Evo press» баспаханасы, 2022. – 304 б.
8. Әліпхан М. Абай танымы мен тағылымының өзегі М.Әуезов зерттеуінде // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1 (123). – Б.21 – 33. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02>
9. Мырзахметұлы М. Абайтану. – Астана: Деловой мир, 2010. – 554 б.
10. Мұқашева М. Мектеп қабырғасында М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту [Teaching M. Auezov's Epic Novel «The Way of Abai» at School] // 2023 жылдың маусымы, Мәдени-тарихи мұраны сақтау презентациясы. Цифрландыру, 9(1):24-36. <https://www.doi.org/10.55630/KINJ.2023.090102> (ағылшын).
11. Макгайер Г. Ақын аға? Абай жолы социалистік реализм және әдебиет тарихы ретінде [Abai Zholy as socialist realism and as literary history] // Еуразиятану журналы № 1 (2018): 2-11 (ағылшын).

Г.Ж. ПИРАЛИ, А.П. КУРМАНБАЙ, Ж.Б. САРСЕНБАЕВА

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

РОЛЬ НАЗИПЫ КУЛЖАНОВОЙ И МУХТАРА АУЭЗОВА В СТАНОВЛЕНИИ НАУКИ АБАЯВЕДЕНИЯ

Аннотация. Известно, что Мухтар Ауэзов – учёный, заложивший основы науки абаяведения, проводивший систематические исследования и оказавший большое влияние на развитие этой области. С момента встречи с великим поэтом в детстве писатель-учёный, выросший на учении Абая, повлиял на его успехи, пролив на этом пути немало пота. При этом огромную роль сыграла Назипа Кулжанова, решившая своей активностью и смелостью во время движения «Алаш» многие проблемы, занимавшаяся просвещением. Н. Кулжанова открывший глаза многим членам Алаша и давший им образование. Н. Кулжанова много работала, чтобы ее ученики познакомились с Абаем и поняли его учение.

В статье акцент сделан на пути преподавателя Н. Кулжанова и ее ученика М. Ауэзова в формировании науки абаяведения и популяризации его творчества на двух языках. Обсуждается основа издания журнала «Абай». Об изучении речь песен Абая пойдет более подробно. Дифференцирована работа, проделанная ими на пути формирования науки об абаяведения. Н. Кулжанова первый учёный абаявед из числа казахских девушек. В статье показаны и другие занятия Н. Кулжановой на пути просветительства. Уделено внимание его поэтическим, писательским, педагогическим, переводческим работам.

Ключевые слова: абаяведения, алашведения, архив, исторические данные, текст, публицистика.

G.ZH. PIRALI, A.P. KURMANBAI, ZH.B. SARSENBAYEVA

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF NAZIPIA KULZHANOVA AND MUKHTAR AUEZOV IN THE FORMATION OF THE SCIENCE OF ABAYAN STUDIES

Annotation. It is known that Mukhtar Auezov is a scientist who laid the foundations of the science of abaya studies, conducted systematic research and had a great influence on the development of this field. From the moment he met the great poet in childhood, the writer-scientist, who grew up on the teachings of Abai, influenced his successes, shedding a lot of sweat along the way. In this case, Nazipa Kulzhanova played a huge role, who, with her activity and courage during the Alash movement, solved many problems and was involved in education. N. Kulzhanova, who opened the

eyes of many members of Alash and gave them an education. N. Kulzhanova worked hard so that her students met Abai and understood his teachings.

The article focuses on the path of teacher N. Kulzhanova and her student M. Auezov in the formation of the science of abaya studies and the popularization of his work in two languages. The basis for publishing the Abai magazine is discussed. The study of Abai's songs will be discussed in more detail. The work done by them on the path to the formation of the science of abaya studies is differentiated. N. Kulzhanova is the first scholar of abaya studies among Kazakh girls. The article also shows other activities of N. Kulzhanova on the path of enlightenment. Attention is paid to his poetic, writing, pedagogical, and translation works.

Acknowledgments: The article was prepared in the framework of fundamental scientific research BR20281009 «Relevant research issues of modern literary studies and art criticism».

Key words: Abay studies, Alash studies, archive, historical data, text, journalism.

References

1. Auezov M. Museum fund, folder No. 382.
2. Encyclopedia of Mukhtar Auezov. Chief ed. S. Kaskabasov; ed. board: B.K. Maitanov, N.E. Akbay, R. Abdigulov et al. (2011). – Almaty: Atamura. – 688 p.
3. Kulzhanova N. Works: (articles, essays, pedagogical ideas, translations). – Almaty: Ana tili, 2014. – 384 p.
4. Auezova L. Our Mukhtar //Compilation. B. Sakhariev. M.O. Memories of Auezov. – Almaty: Writer. – 1976. – 430 p.
5. Auezov M. The great poet of the Kazakh people // «Ауқар» magazine. №4 // Ауқар: encyclopedia / compiled by: U. Subhanberdina, S. Davitova. Chief ed. R. N. Nurgaliev. – Almaty: Kazakh encyclopedia, 1995. – 366 p.
6. Toktarbai E. Served the nation (about Nazipa Kulzhanova's contribution to education) // «Ana tili». No. 33. August, 2020, 12 pages.
7. M.O. Auezov's manuscripts about Abay and textology problems: Collective monograph. – Almaty, «Evo press» publishing house, 2022. – 304 p.
8. Aliphan M. Abaitany my men tagylymynynozegi M. Auezov zertteuinde [The Essence of Knowledge and Edification of Abai in the Study of M.Auezov] //Isasai universitetinin habarshysy. – 2022. – №1(123).– B.21 – 33. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02>
9. Myrzakhmetov M. Abaytanu. – Astana: Delovoi Mir, 2010. – 554 p.
10. Mukasheva M. Teaching M. Auezov's Epic Novel «The Way of Abai» at School //June, 2023, Cultural and Historical Heritage Preservation Presentation Digitalization, 9(1):24-36. <https://www.doi.org/10.55630/KINJ.2023.090102> (eng).
11. McGuire, Gabriel. "Aqyn agha? Abai Zholy as socialist realism and as literary history." Journal of Eurasian studies 9, no. 1 (2018): 2-11 (eng).

Авторлар туралы мәлімет:

Пірәлі Гүлзия Жайлауқызы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Пірәлі Гүлзия Жайлауовна – главный научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Pirali Gulziya Zhailauqyzy – Chief Researcher at the Institute of Literature and Art named after. M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan.

Құрманбай Айжан Пердебекқызы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Құрманбай Айжан Пердебековна – научный сотрудник Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Kurmanbay Aizhan Perdebekqyzy – Researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Сәрсенбаева Жансұлу Баденқызы – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Сарсенбаева Жансұлу Баденовна – научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Sarsenbayeva Zhansulu Badenqyzy – Researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Қ.Т. ТУЛЕБАЕВА



Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан

(e-mail: tulebaeva82@mail.ru)

*АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ БІЛІМ- ҒЫЛЫМ КОНЦЕПТІСІН ТЕЗАУРУСТЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Абай қарасөздеріндегі «білім-ғылым» концептісі тезаурустық талдау негізінде қарастырылды. Қазіргі Абайтану саласында өзіндік үлесін қосқан Р. Сыздық, Б. Қамызанова, А. Салқынбай, А. Еспенбетов, Б. Ердембеков, А. Смагулова, Ж. Мадалиева, А. Ислам, С. Жиренов, А. Әмірбекова, Ж. Дәдебаев, Қ. Сарекенова, А. Есжанова, Г. Есім пікірлері негізгі алынып, өзара салыстырылды. Абай қарасөздеріндегі «білім-ғылым» концептісі ақын өмір сүрген дәуірдің шынайы бет-бейнесін көрсетіп, ұлттық-мәдени, саяси, тарихи аспектіде қазақ қоғамының руханияты анықталады. Қазақ руханиятында білім мен ғылым үлкен маңызға ие. Осы ретте Абайдың қарасөздерін когнитивтік аспектіде, оның ішінде «білім-ғылым» концептісін қарастырудың маңызы зор.

Мақалада Абай шығармашылығы, қарасөздеріндегі негізгі интенциялар анықталды. «Білім-ғылым» концептісінің талдауда дефинициялық талдау әдісі қолданылды. Қарасөздердегі «білім-ғылым» концептісінің ассоциациялық өрісінің қатары – білім, ғылым, қайрат, ақыл, мінез, жүрек түсініктері. Тезаурустық талдау барысында қарасөздердегі «білім-ғылым» ұғымының қазақ қоғамындағы маңызы анықталып, концепті ретінде жақын, алыс перифериялық аймағы, ядросы айқындалды. «Білім-ғылым» концептісінің ядросы ретінде ақыл; жақын перифериясы ретінде мінез, қайрат, жүрек, ар, естілік, беріктік; алыс перифериясы білімсіздік, надандық, хайуан жаны, сөз ұғарлық кісілер, батыр ұғымдарымен анықталады.

Түйін сөздер. концепт, ассоциациялық өріс, перифериялық аймақ, ұлттық концептосфера, бинарлық оппозиция, қарасөздер.

Кіріспе. Абай қарасөздері қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы дамуының бір арнасы саналады. Қарасөздердің қазақ руханиятында, мәдениетінде, тарихында алатын орны ерекше. Бүгін қазақ қоғамының бейнесін көрсетіп, келешек ұрпаққа насихат түрінде жазылған шығарма бүгінгі таңда жан-жақты зерттелуде. Қарасөздердің тәрбиелік, ақпараттық, танымдық қызметтері айқындалып, Абайдың қазақ руханиятын дамытудағы салмақты үлесі сараланды. Дегенмен мақалада қарасөздерді тезаурустық талдау арқылы арнайылап «білім-ғылым» концептісін қарастырмақпыз.

Абай шығармашылығында білім, ғылым, оқу мәселелері өзекті саналады. Қазақ қоғамының патшалық Ресейдің отарлығында болып, бар арманы болыс пен би болу болған халықтың білімге, ғылымға, өнерге алыстығы алаңдатты. Өзі өмір сүрген кезеңдегі халықтың болмысын «сегіз аяқты малға» теңеген Абай қарасөздері арқылы келешек ұрпаққа насихат боларлық мұра қалдырды.

Сонымен, біздің жұмысымыздың мақсаты – Абай қарасөздеріндегі «білім-ғылым» концептісін тезаурустық талдау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер алға қойылды:

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР14869894 «Абай қарасөздерінің тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

– Бүгінгі таңда Абай қарасөздерін зерттеп жүрген зерттеушілердің пікірлерін өзара салыстыру;

– Абай қарасөздеріндегі «білім-ғылым» концептісін арнайылап қарастырып, ассоциациялық-интерпретациялық әдіспен талдап, ассоциациялық өрісін анықтау; концептуалдық талдау арқылы перифериялық аймағын талдау;

– Қарасөздердегі «білім-ғылым» концептісін тезаурустық талдау.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Абай шығармаларындағы өзекті тақырыптар, оның ішінде қоғамдық тақырыптар білім-ғылым түсініктерімен байланысты. Ақынның ілімін түсініп, шығармаларындағы өзекті ойларды анықтауда білім мен ғылым концептілері білдіретін концептуалдық мағыналарды тезаурустық талдау Абай мұраларын тануда, бағалауда ерекше сипатты білдіреді. Хәкім Абай шығармаларындағы ұлттық бояу, тілдік бірліктерді танымдық сипаттан анықтау ұлттық символ мәні анықталады. Қазақтың ұлттық концептосферасы Абай шығармаларында айқын көрініп, ұлттық концептілер қолданылды. Б. Қамызанова, А. Салқынбай зерттеулерінде Абайдың ғылым жайлы пікірлері қазақы танымға сай екенін басты назарға алады. Абайдың ғылым, білім жайлы пікірлері сол кезеңнің басты қажеттілігі болғанын, адам мінезінің ұсақтығына, қоршаған ортаны тануға бағытталған ұғым ретінде көрінеді. Ғылымның ұлт қажетіне жарауы, озық ұлт ретінде қалыптасудың негізі деген маңызды мәселелер қарастырылады [1, 90]. Р. Сыздықова Абай шығармаларында кездесетін ғылым табу, ғылым бағу тіркестерінің білімді болу, оқу мәнін білдіретінін айтады. Абай ел бағу, бала бағу деген тіркестер қатарына ғылым бағу ұғымын енгізеді. Негізгі мағынасы білім алу, білімді меңгеру екенін көреміз [2, 21]. Ақын шығармашылығында ғылым ұғымы терең философиялық ойлармен көмкеріліп, өміршеңдігін жоймады.

Абай қарасөздері зерттеушілердің үнемі назарында. Мәселен А. Еспенбетов, Б. Ердембеков, А. Смагулова зерттеулерінде Абай қарасөздеріне тезаурустық талдау [3, 286], Ж.Қ. Мадалиева зерттеулерінде Абай қарасөздеріндегі еңбек, білім, ғылым туралы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің маңыздылығын [4, 95] жеткізеді. Абай шығармаларының лингвопоэтикасын зерттеген А. Салқынбай Абайсөзінің рухани құнды екенін, шығармалары арқылы әлемдік мәдениетке өлшеусіз үлесін қосқанын айтады [5, 121]. Зерттеуде Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін ассоциациялық-интерпретациялық талдау, концептуалдық талдау, тезаурустық талдау әдістері негізінде ақынның танымындағы білім-ғылымның маңыздылығы анықталады.

Зерттеу мақалада Абай білім-ғылым жайлы қарасөздері пайдаланылып, салыстырмалы-тарихи, сипаттамалық, концептуалдық, тезаурустық талдау әдістері қолданылған. Ақын шығармаларындағы білім-ғылым концептісі қоғам, заман шарттарымен анықталады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде «өмір», «бақыт», «тағдыр», «туған жер», «атамекен», «ақыл» концептілері зерттелініп жүр. Зерттеу мақаланың негізінде «білім-ғылым» концептісін Абай қарасөздері негізінде анықталып, тезаурустық талдау нәтижесінде сол кезеңдегі білім-ғылым ықпалы, қоғамдық шарттар айқындалды.

Талқылау мен бақылау. Қазіргі таңда концептіні зерттеудің төрт түрлі бағыты қалыптасқан: лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттану, логика-философиялық, психоллингвистикалық. Ғалым А. Ислам концептіні лингвомәдениеттану бағытында анықтап, белгілі бір ұлттың этномәдени санасында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін шынайы болмыс екенін, ұлттық құндылықтар турасындағы бірнеше жылдар бойы қалыптасқан құрылым деп анықтайды [6, 32]. Сонымен қатар зерттеуші С. Жиреновтің концепт жайлы пікірі қызығушылық тудырады. Оның пікірінше, таным мен ойлаудың, мәдени құбылыстардың жиынтығы ретінде концепт адам ойындағы әлем бейнесінің ассоциациялануы деп анықтайды. Сондай-ақ, таным мен тіл бірлестігі ұлттық мәдениетті зерделеуге болатынын, әлемді жан-жақты зерттеуге болатынын әрі адамның аялық білімінің көрінісі деп анықтайды [7, 13]. А. Әмірбекова концептіні санадағы білім деп анықтап, қандай сипатта көрінетінін былайша көрсетеді:

- Ғылыми;
- Мәдени;
- Рухани;
- Көркемдік таным [8, 35], – деп ажыратады.

Осылайша Абай қарасөздеріндегі «білім-ғылым» концептісін лингвокогнитивтік аспектіде қарастырып, негізгі ассоциациялық өрісін қарастырамыз.

Абай өлеңдеріндегі білім мен ғылым тақырыптары кемелділік, толық адам түсініктерін аша түсіп, дамудың, озық ел болудың негізі екені түсіндіріледі. Абай ілімдерін зерттеген Ж. Дәдебаев ақын өлеңдеріндегі білім ұғымын мағыналық түрде зерттеп, мынадай схеманы көрсетеді: Білім Даналық Әділеттілік [9, 152]. Бинарлық оппозицияда ақын үшін білімге қарсы түсінік – надандық. Білім болмаған жерде надандық өркендеп, хайуандыққа апаратынын ақын шығармаларына түсінеміз. Қ. Саркенов Абайдың білім-ғылым жайлы көзқарастарын А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан мақалаларын негізге ала отырып, ғылым мен білім туралы жетер жеріне жеткізіп айтқанын, халық үшін жақсы түсінгенін айтады [10, 224]. Абай Құнанбайұлы шығармаларында «ақыл» сөзі – 199 рет, «білім» – 31 рет, «білімді» – 8 рет, «ғалым» – 15 рет, «ғылым» – 111 рет, «ғылым-білім» – 4 рет пайдаланған [11]. Абай қарасөздері ғұламаның өмірден түйген-білгендерін, жасында ескермеген түсініктерінің жиынтығы деп түсінеміз.

«Білім-ғылым» концептісі Абайдың отыз екіншісі, отыз сегізінші сөздерінде кездеседі. Отыз екінші қарасөзінде Абай білім-ғылымды үйрену үшін ең алдымен талап қылу амалдарын білу керектігі айтылады. Білім-ғылым табылған жағдайда әлемдегі қандай да болсын қажетіне жарау, кейіннен тек білім-ғылымға ғана назар аудару маңыздылығын жеткізеді. Адам шынайы ықыласымен білім-ғылымды білмекке талап қылса, тез игеруге мол әсер береді. Осы қарасөзде «білім-ғылым» концептісінің ассоциативті өрісі ғылым, ақыл, мінез концептілерінен құралады. Отыз сегізінші қарасөзде білім-ғылымның жоқтығы надандықтың белгісі екенін айтады.

«Білім-ғылым» концептісін талдауда ең алдымен дефинициялық әдістен бастаймыз. Қазақ тілінің әдеби сөздігінде білім туралы мынадай анықтамалар берілген [12, 59]:

1. Адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдарының т.б. жиынтығы;

2. Оқу, үйрену арқылы алынатын (келетін) дүниенің қандай да бір қыр-сыры туралы түсінік (таным);

3. Кәсіби біліктілік, мамандыққа қатысты ұғым, деректер жүйесі;

4. Қандай да істі жүзеге асыру жолдары мен әдіс-тәсілдерінің жиыны.

Қ.Б. Жарықбаевтың «Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде» білім жайлы мынадай анықтамалар берілген [13, 67]:

1. Білім – тұлғаның белгілі бір жүйемен қалыптасқан ұғымдарының, деректері мен пайымдарының т.с.с. мәселеге немесе құбылысқа байланысты нәтижесінің жиынтығы;

2. Білім – ақыл-ойдың іс-әрекетін объективті шынайылықты тәжірибе арқылы бейнелеп дәлелдеуге жетелейді;

3. Білім сана, танымдық үрдістер, ақиқат, ғылым т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланысты, әрі солар арқылы анықталады.

Екі сөздікте берілген анықтамаларды талдау арқылы «білім» ұғымының Абай шығармаларында жиі кездесуі адам баласының танымдық әрекеті ретінде маңызды екенін, надандықтан, көрсеқызарлықтан аулақ болатынын жеткізеді. Қазіргі жаһандық даму кезеңінде критикалық ойлау, ғаламдық ойлау қабілеттері сан түрлі білімдердің жиынтығынан құралады. Осы негізден Абай қарасөздеріндегі «білім-ғылым» концептісінің өзектілігі анықталады. «Білім-ғылым» концептісінің мәдени сипаттамасы XIX ғасырдың соңындағы қазақ жеріндегі тарихи, мәдени, саяси негіздерін көрсетеді.

Ғылым жайлы қазақ әдебиетінің сөздігінде үш түрлі анықтама берілген [13, 81]:

1. Адамзаттың табиғат, қоғам жайлы объективті пікірлерін тануға мүмкіндік беретін практикалық қызметі, танымның жоғары сатысы;

2. Негізгі заңдылықтардың, принциптердің бір арнаға жұмылып, жекелеген пәндерді зерттеу саласы;

3. Ғылым- білім, түрлі ғылым саласы.


Дегенмен Г. Мамырбекова араб–парсы сөздерінің сөздігінде ғылым сөзін ауыспалы мағынада білім мағынасын білдіретінін айтады [14, 78]. Осылайша «ғылым» сөзінің мағынасы «білім» сөзінің беретін мағынасымен ұштасатынын көреміз. «Білім-ғылым» концептісінің ассоциациялық өрісі: білім, ғылым, қайрат, ақыл, мінез концептілерімен айқындалады. Абай қарасөздерінде білім, ғылым тақырыптарын қарастырғанда, ақыл, қайрат, мінез ұғымдары да қолданылады. Осылайша «білім–ғылым» концептін қарастыру арқылы Абайдың қаламгер ретінде дүниетанымын терең түсінуге мүмкіндік береді. А. Есжанова, Г. Есім зерттеуінде Абайдың он төртінші, он жетінші, отыз бірінші қарасөздеріндегі білім, ғылым, оқу мәселелеріне айрықша тоқталып, білім–ғылымға жету үшін жүрек көзінің ашық болуын, ақиқатты тану жолындағы тұрақтылық деп анықтайды [15]. Осылайша Абайдың қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісі автордың дүниетанымын, білім, ғылым түсініктерін қабылдаудан көрінеді.

Нәтижелер. Абай бірінші қарасөзінде «ғылым бағу» мәселесін көтеріп, ғылымның сұхбаттасып, пікір алмасуды қажет ететінін, айналасына үйрету екенін айтады. Бесінші қарасөзінде халықтың ғылым, білім үшін қам жемейтінін, алаң етпейтінін айтып, қулық, сұмдық жасауда алдына жан салмайтынын жеткізеді. Жетінші қарасөзінде «білімділік» пен «надандықты» қарама-қарсы қояды. Абай жас баланың туылғанда бірі «білсем, көрсем» деген ниеті барын, енді бірі «ішсем, жесем, ұйықтасам» деген ниеті барын жеткізеді. Бұл арқылы «хайуан жаны» мен «адам жаны» ұғымдарын да келтіріп, адамның ешнәрсе үйренбеуі, бар қалауы дүниелік істер болса хайуан жанды екенін айтады. Жан мен тән мәселесін қарастырып, адам үшін тәннің жанға бағынуы керектігін, дегенмен ақын өз заманында бұлай болмағанын жеткізеді. Әр нәрсенің сырын ұқпай, сырын білген адамның ақылына құлақ салмағанын айтады. Керісінше ақыл айтып, білгенін үйреткісі келген адамға халықтың «надандықпен» сөз қайтарып, дауласатынын жеткізеді. Сегізінші қарасөзде ақылды кім үйрететінін, насихатты кім тыңдайтыны жайлы мәселені көреміз. Ақын төрт адамның сипатын көрсетеді: болыс, би, бай, ұры–залым. Болыс пен би адамдарының өзі өзгеге ақыл айтайын деген ниетпен сайланғанын, соған қарамастан «ұлыққа жақпай қалмаймыз ба?», «халықты бүлдіріп алмаймыз ба?», «қоржынымызды толтыра алмай қалмаймыз ба?» деген мәселелерге алаңдайтынын көреміз. Байлардың ғылымы, білімі, ары, ұяты, адамдық, адалдық қасиеттінің бәрі де – мал. Мал арқылы құдайды да паралап алуға болатынын айтады. Ұры-залымдар байлар, билер мен болыстарға керек болмаған білімді, ғылымды керек қылмайды. Оларды «сөз ұғарлық кісілер» деп, өздеріне керек еместігін айтады. Осылайша Абайдың бірінші, бесінші, жетінші, сегізінші қарасөздерінде «білім-ғылым» концептісінің саяси-тарихи аспектісі берілген. Ақын өмір сүрген кезеңде мал, тіршілік алдыңғы қатарға шығып, білім, ғылым, өнер үйрену кейін қалған. Сонымен қатар отаршылдық дәуірде де білім-ғылым артта қалып, халықтың бар қалауы бай болу, болыс болу шеңберінен аспаған. Ақынның өз заманындағы адамдардың сипаттарын көрсетіп, «білім-ғылым» концептісінің лексикалық репрезентациясын көрсетеді.

Абайдың он төртінші қарасөзінде қазақ халқының танымындағы «батыр» ұғымын қарастырады. Қазақтың ақылдының сөзін ескеріп, жігер, қайрат жоқтығынан арсыздыққа, жаманшылыққа еріп кетуінен деп көрсетеді. Автор өз заманындағы «батыр» болмысы пәлелі, арам істерге жақын, пысықай жігіттер екенін жеткізеді. «Білімді», «ғылымды» түсінсе де, қайратсыздығынан ескермейтінін көреміз. Он бесінші қарасөзінде ақылды мен ақылсыз адамдардың болмысын көрсетіп, ақылды адамның есті, саналы болатынын айтады. Әр адамның білімі дүниеге, өз қажетіне жарауы керектігін айтады. Адам баласы бойындағы «әрбір нәрсеге қызықпақтық» қасиеті кесірінен өмірін баянсыз, бағасыз нәрсемен бос өткізіп алатынын айтады. Ақылдың көзі байланып, өмірінің қызықты, қымбат шағын бос өткізеді. Есті адамдар қайратты мінезімен тұрақты түрде білім, ғылым іздейтінін жеткізеді. Он тоғызыншы сөзінде адамның туғанда есті болмайтынын, өмірдегі жақсы-жаманды

нәрселерді көріп, біліп, түсініп барып «білімді» болатынын айтады. Жиырма бесінші қарасөзінде хәкім Абай «білімнің» адам қажеттілігінің бірі екенін жеткізеді. Дегенмен сол кезеңдегі халықтың танымында білім, ғылым іздену орыстың оқуын оқу, дінін қабылдау деген түсінікпен тең болған. Соған қарамастан Абай орыстың тілінде білім мен ғылым барын, әр қазақтың баласы оқып, заңды түсінсе, патшалық билікке қарсы шығып, өз құқығын қорғай білер еді деген пікірін аңғарамыз. Отыз екінші сөзінде білім-ғылымды үйренудің өзіндік шарттары барын, мінез, қайрат, беріктік, ақыл, ар сынды қасиеттердің сақталуына да мән береді. Отыз жетінші сөзінде әр адамның білім деңгейіне сай «болыстық қылу» керектігін айтады. Отыз сегізінші сөзінде адамның адамдығы ақыл, ғылымнан екенін, аталған қасиеттердің қалыптасуы ата-ана, орта, ұстаз сынды факторлармен байланысты деп анықтайды. Ғылым-білімді үйрену үшін баланы үйір қылудан басталады дейді. Адамның ғылымы, білімі ақиқатты тануға, растықты білуге бағытталған болса әрнәрсенің табиғатын, сырын түсінуге талпынудан көрініс табады. Мал, мақтан, құрмет адамды ғылым-білімді игеруінен өзі іздеп тапса ғана, адамдығы бұзылмайтынын айтады. Ал егер адам құрметті болуды қалап, мақтаншақтыққа салынса ғылым-білімнің табылмайтынын жеткізеді. Білімсіздің надандық, хайуандық сипаттарымен танылады. Хәкімнің қарасөздерін қорытындылай келе «білім-ғылым» концептісінің лексикалық репрезентациясынан бөлек, ядросы, жақын, алыс перифериясы анықталды. «Білім-ғылым» концептісінің ядросы ақыл ұғымы айқындалды. Жақын перифериясы ретінде мінез, қайрат, жүрек, беріктік, ар, есті түсініктері; алыс перифериясы ретінде білімсіздік, надандық, хайуан жаны, сөз ұғарлық кісілер, батыр ұғымдары анықталады. «Білім-ғылым» концептісінің лексикалық репрезентациясын талдау, Абай қарасөздерін тезаурустық талдау негізінде перифериялық аймаққа енген ұғымдар халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. «Білім-ғылым» концептісінің интерпретациялық, тезаурустық аймағы Абайдың қарасөздері негізге алынып, «білім-ғылым» концептісінің концептуалдық талдау нәтижесі 1-кестеде берілген.

1-кесте. «Білім-ғылым» концептісі.



Абайдың қарасөздерін талдай келе, «білім-ғылым» концептісі – өз заманының кемшілігін түсінуден, келешекке деген үлкен сенімнен туындаған; адамның болмысы мен негізін терең түсінуден қалыптасқан; «адами жан», «толық адам» ұғымдарының бір категориясы ретінде анықталатын ұлттық-мәдени түсінік.

Қорытынды. Абай қарасөздеріндегі «білім-ғылым» концептісі өз заманындағы тарихи, саяси оқиғаларды терең түсініп, халықтың болмысын саралаудан қалыптасқанын көреміз. Абайдың бірінші, бесінші, жетінші, сегізінші қарасөздерінде сол кезеңдегі халықтың болмысына, «адам жаны» мен «хайуан жаны» түсініктеріне, байлар, болыстар, билер, ұры-залымдар сынды сипаттарына негізделген «білім-ғылым» концептісінің алыс перифериялық аймағы анықталды. Он төртінші, он бесінші, он тоғызыншы, жиырма бесінші, отыз екінші, отыз жетінші, отыз сегізінші қарасөздерінде «білім-ғылым» концептісінің жақын перифериялық аймағы айқындалды. Осылайша Абай қарасөздерінің әлеуметтік, тарихи, мәдени, саяси аспектілері анықталып, адами қасиеттердің білімді, ғылымды игеру жолындағы маңыздылығына назар аударылады.

Зерттеу барысында қолданылған ассоциациялық–интерпретациялық талдау, концептуалдық талдау, тезаурустық талдау әдістері негізінде «білім-ғылым» концептісінің ассоциациялық өрісі, жақын, алыс перифериялық аймағы анықталып, қарасөздердегі «білім-ғылым» концептісі тезаурустық талдау негізінде қарастырылып, анықтама берілді. Зерттеуде Б. Қамызанова, А. Салқынбай, Р. Сыздықова, А. Еспенбетов, Б. Ердембеков, А. Смагулова, Ж. Мадалиева, А. Ислам, С. Жиренов, А. Әмірбекова, Ж. Дәдебаев, Қ. Сарекенова, А. Есжанова, Г. Есім пікірлері негізге алынып, Абай мұраларының когнитивтік аспектісі қарастырылды. «Білім-ғылым» концептісін талдау дефинициялық талдау жүргізіліп, қазақ әдеби тілінің сөздігі, Қ. Жарықбаевтың жантану жайлы сөздігі, Г. Мамырованың араб-парсы тілдерінің сөздігі қарастырылды.

Қорытындылай келе, Абай қарасөздеріндегі тарихи, саяси, мәдени мәнде анықталатын «білім-ғылым» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері айқындалды. Қазақ қоғамындағы оқу, білім, ғылым мәселелері талқыла келіп, оқу, үйрену, ізденудегі адам баласына қажетті қасиеттер анықталды. Ұлттық, жалпыадамдық құндылықтар негізінде анықталған «білім-ғылым» концептісінің лексикалық репрезентациялары, перифериялық аймақтары кесте түрінде берілді.

Әдебиеттер

1. Қамызанова Б., Салқынбай А. Абай шығармаларындағы «ғылым» концепті: когнитивті-прагматикалық ерекшелігі //Dulaty University Хабаршысы 2023, №1. – 90-98 беттер <https://doi.org/10.55956/JTCT5579>
2. Сыздықова, Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы [Мәтін]: Көптомдық шығармалар жинағы /Р.Сыздықова. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 98 б.
3. Еспенбетов А., Ердембеков Б., Смагулова А. Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2023. – №. 2. – Б. 283-295. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.21>
4. Мадалиева Ж. Қ. Абайдың «қара сөздеріндегі» еңбек, білім, ғылым туралы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер // Nauka i studia. – 2017. – Т. 2. – №. 3. – Б. 094-099.
5. Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.
6. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама) //Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы: 2004. – 54 бет
7. Жиренов С. Тілдегі афоризмдердің концептуалды сипаты //Известия НАН РК, №1. – 2010. – 13-16 беттер
8. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Филолог.ғыл.кандид.дисс. – Алматы: 2006. – 122 бет
9. Дәдебаев Ж. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану //ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4 (184). 2021. –147-155 беттер DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
10. Сарекенова Қ. Абай Құнанбайұлы шығармалары бойынша тезаурустық талдау // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық сериясы. №2. 2022. – 222-232 беттер. DOI: <https://doi.org/10.48081/CAIM8757>

11. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. /Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы: 2011. – 752 б.
13. Жарықбаев Қ.Б. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Сөздік словарь баспасы, 2006. – 387 б.
14. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2017. – 658 б.
15. Yeszhanova A., Esim G. Spiritual continuity of Abai's and Blaise Pascal's ideas (Abai's words of edification, B. Pascal's thoughts) // Trans/Form/Ação. – 2023. – Vol. 47. – С. e0240009. <https://doi.org/10.1590/0101-3173.2024.v47.n2.e0240018>

К.Т. ТУЛЕБАЕВА

Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан

ТЕЗАУРУСНЫЙ АНАЛИЗ КОНЦЕПЦИИ «ЗНАНИЯ-НАУКИ» В «СЛОВАХ НАЗИДАНИЯ» АБАЯ

Аннотация. В статье на основе тезаурусного анализа был рассмотрен концепт «знания-наука» в «Словах назидания». Исследователи Р. Сыздық, Б. Камызанова, А. Салкинбай, А. Еспенбетов, Б. Ердембеков, А. Смагулова, Ж. Мадалиева, А. Ислам, С. Жиренов, А. Амирбекова, Ж. Дадебаев, Қ. Сарекенова, А. Есжанова, Г. Есим внес свой вклад в области современного абаеведения, были взяты мнения и сопоставлены между собой. Концепт «знания-наука» в словах назидания Абая отражает истинную картину эпохи, в которой жил поэт, определяет духовность казахского общества в национально-культурном, политическом, историческом аспекте. В казахской духовности большое значение имеют знания и наука. При этом большое значение имеет рассмотрение высказываний Абая в когнитивном аспекте, в том числе концепта «знания-наука».

В статье выделены основные интенции в творчестве Абая, его словах назидания. В анализе концепта «знания-наука» использован метод дефиниционного анализа. Ряд ассоциативного поля концепта «образование-наука» в словах назидания – понятия знания, науки, усилие, разума, характера, сердца. В ходе тезаурусного анализа определено значение понятия «знания-наука» в казахском обществе, в качестве концепции определены ближняя, дальняя периферийная зона, ядро. Разум как ядро концепта «знание-наука»; характер, усилие, сердце, совесть, слух, твердость как ближайшая периферия; дальняя периферия определяется понятиями невежества, героев.

Ключевые слова: концепт, ассоциативное поле, периферийная зона, национальная концептуосфера, бинарная оппозиция, слова назидания.

К.Т. TULEBAYEVA

Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan

THESAURUS ANALYSIS OF THE CONCEPT OF «KNOWLEDGE-SCIENCE» IN ABAI'S «WORDS OF EDIFICATION»

Annotation. In the article, based on thesaurus analysis, the concept of «knowledge-science» in «The book of words» was considered. Researchers R. Syzdyk, B. Kamyzanova, A. Salkinbai, A. Espenbetov, B. Yerdembekov, A. Smagulova, Zh. Madaliev, A. Islam, S. Zhirenov, A. Amirbekova, Zh. Dadebaev, K. Sarekenova, A. Eszhanova, G. Yesim contributed to the field of modern Abai studies, opinions were taken and compared with each other. The concept of «knowledge-science» in the words of Abai's edification reflects the true picture of the era in which the poet lived, defines the spirituality of Kazakh society in the national-cultural, political, historical aspect. Knowledge and science are of great importance in Kazakh spirituality. At

the same time, it is of great importance to consider Abai's statements in the cognitive aspect, including the concept of «knowledge-science».

The article highlights the main intentions in Abai's work, his words of edification. The method of definitional analysis is used in the analysis of the concept of «knowledge-science». A number of associative fields of the concept «education-science» in the words of edification are the concepts of knowledge, science, effort, reason, character, heart. During the thesaurus analysis, the meaning of the concept of «knowledge-science» in Kazakh society was determined, the near, far peripheral zone, and core were defined as the concept. Mind as the core of the concept of «knowledge-science»; character, effort, heart, conscience, hearing, hardness as the nearest periphery; The far periphery is defined by the concepts of ignorance, heroes.

Keywords: concept, associative field, peripheral zone, national conceptosphere, binary opposition, the book of words.

References

1. Kamyzanova B., Salkynbai A. Abai shygarmalaryndagy «gylym» konsepti: kognitivti-pragmatikalyk ereksheligi //Dulaty University Habarshysy 2023, №1. 90-98 better <https://doi.org/10.55956/JTCT5579>
2. Syzdykova, R. Abai shygarmalarynyn tili. Leksikasy men gramatikasy [Matin]: Kop tomdyk shygarmalar zhinagy / R.Syzdykova. – Almaty: El- shezhire, 2014. – 98 b.
3. Espenbetov A., Erdembekov B., Smagulova A. Abai karasozderindegi adam minezderine tezaurystyq taldau //Eurazia gumanitarlyk institutynyn habarshysy. – 2023. – №. 2. – B. 283-295. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.21>
4. Madalieva Zh. K. Abaidyn «karasozderindegi» enbek, bilim, gylym turaly talim-tarbielik oipikirler //Nauka i studia. – 2017. – T. 2. – №. 3. – B. 094-099.
5. Salkynbai A.B. Abai sozinin lingvopoetikasy: monografiya. – Almaty: Kazak universiteti, 2015. – 242 b.
6. Islam A. Ulttyk madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni saraptama) // Filologia gylymdarynyn doktory gylymi darezhesin alu ushin daiyndalghan dissertasiyanyn avtoreferaty. – Almaty: 2004. – 54 bet
7. Zhirenov S. Tildegi aforizmderdin konseptualdy sipaty //Izvestia NAN RK, №1. – 2010. – 13-16 better
8. Amirbekova A. Konseptilik kurylymdardyn poetikalyk matindegi verbaldanu ereksheligi. Filolog.gyl.kandid.diss. – Almaty: 2006. – 122 bet
9. Dadebaev Zh. Abai ilimin bilu, tusinu zhane koldanu //KazUU Habarshysy. Filologia seriasy. №4 (184). 2021. 147-155 better DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
10. Sarekenova K. Abai Kunanbaiuly shygarmalary boiynsha tezaurystyq taldau //Toraigyrov universitetinin Habarshysy. Filologialyk seriasy. No 2. 2022. 222-232 better. DOI: <https://doi.org/10.48081/CAIM8757>
11. Abai tili sozdigi. – Almaty: Oner, 2011. – 616 b.
12. Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 4-tom. / Kurast.: N. Ashimbaeva, Q. Rysbergenova, Zh. Mankeeva zhane t.b. – Almaty: 2011. – 752 b.
13. Zharykbaev K.B. Zhantanu ataularynyn tusindirme sozdigi. Sozdik slovar baspasy, 2006. – 387 b.
14. Mamyrbekova G. Kazak tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi. – Almaty: 2017. – 658 b.
15. Yeszhanova A., Esim G. Spiritual continuity of Abai's and Blaise Pascal's ideas (Abai's words of edification, B. Pascal's thoughts) //Trans/Form/Ação. – 2023. – Vol. 47. – C. e0240009. <https://doi.org/10.1590/0101-3173.2024.v47.n2.e0240018>

Автор туралы мәлімет:

Төлебаева Құралай Тоқтарқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Әлихан Бөкейхан университетінің доценті, Семей, Қазақстан.

Түлебаева Куралай Токтаровна – кандидат филологических наук, доцент Әлихан Бөкейхан университеті, Семей, Қазақстан.

Tulebayeva Kuralay Toktarovna – Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University associate professor, Semey, Kazakhstan.

Р.Г. ТУЛЕУОВА¹



С.Б. САРБАСОВ²



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: tuleuova-2024@mail.ru¹, Sarbasov.bolathan@mail.ru²)

«ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОСЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Көне замандарда төл топырағымызда жасалып, сақталып келе жатқан мұралар аз емес. Мұндай туындылар белгілі бір дәрежеде жүйеге келтірілген, зерттелген, әлі де зерттеле беретін бағалы мұралар екендігі талассыз.

Көне туындылардың қай-қайсысының да суреттеу тәсілдерінде эпос дәстүрінің көрініс беріп отыруы таңданыс тудырмаса керек. Жазба әдебиет пен халық шығармашылығының бір-бірінен жедел қол үзіп кетуі мүмкін емес. Сол себепті, кез-келген шығармашылық иесі өзі өмір сүріп отырған ортадағы өзіне дейінгі рухани қазынаға назар аударады, содан сусындайды, мейлі ол ауызша, мейлі жазбаша болсын, қажет уақытында дамытып пайдаланады.

«Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткішін одан бұрын және кейін туған әдеби мұралармен жан-жақты салыстырылады. Сол арқылы белгілі бір сюжет, мотивтердің қалыптасу жолдарын, көркемдік дәстүр сабақтастығының фольклорлық сипаты айқындалады. Көне мұраларды қарастыру барысында түркі халықтарының салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, әдеби бейнелердің тарихи негіздеріне, жалпы заңдылықтарына талдау жасалады.

«Оғыз-наме» кітаби эпосының рухани дүниемізден алар орны, түркі тілдерінің туысқандық байланысын танытатын бірден-бір фольклорлық мұра екендігі айқындалып, ондағы кісі есімдері мен жер-су аттары, тарихи оқиғалар мен фактілер фольклорлық заңдылықтарға түскен.

«Оғыз-намеде» қолданылған фольклорлық айшықтау мен ажарлаудың этностардың таным тарихымен байланыста сараланды. Түркі халықтары мен әлем елдеріне таралған көшпелі сюжеттер мен сарындар, эпостық дәстүр де басты назарда болып, ұлттық фольклорымыздың үлгілерімен салыстырыла зерттеледі.

Түйін сөздер: кітаби эпос, фольклорлық сипат, тарихи тұтастану, ғұмырнамалық тұтастану, шежірелік тұтастану.

